ABAI UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№9 (266)
ҚАЗАН / ОКТЯБРЬ
2026 ЖЫЛ

2002 жылдың
тамыз айынан бастап
шығады

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, ҚАРА ШАҢЫРАҚ!

Құрметті әріптестер!

Бүгін еліміздің тұңғыш жоғары оқу орны – Абай университетінің туған күні және осы күнмен орайласқан ҚР Жоғары білім қызметкерлері күні.

1928 жылы 1 қазанда еліміздің алғашқы жоғары оқу орнының негізі қаланды. Ғасырға жуық тарихында Абай университеті талай буынға сапалы білім мен тағылымды тәрбие беріп, ел дамуына үлес қосқан 250 мыңға жуық білікті маман даярлады. Қазірде университетімізде 23 мыңға жуық студент біліп алып жатыр.


QS Stars «Бес жұлдызына» ие болған Абай атындағы ҚазҰПУ әлем бойынша педагогикалық білім беруде ең үздік 50 университеттің ішінен 41-орында тұр. Орта Азия мен Қазақстанда көшбастшы.

Абай университетінің шежіресі – Алаш қайраткерлерінің аманатымен сабақтас тарих. Біздің міндетіміз – осы рухани үстемдікті лайықты жалғастырып, Тұлға ғана емес, тұлға қалыптастыратын Ұстаз даярлау.

Университеттің көп екені – анық, ал Абай университетінің тұңғыш екені – тарих. Осы тарихи датаға сәйкес бекітілген Қазақстандағы Жоғары білім қызметкерлері күні мерекесі – жоғары білім саласында еңбек етіп жүрген барлық оқытушы-профессорлар мен қызметкерлерге көрсетілген құрмет деп білемін.

Баршаңызға зор денсаулық, шалқар шабыт, тағылым мол ғылыми ізденіс, еңбектеріңізге абырой тілеймін!

Болат ТІЛЕП,
Абай атындағы ҚазҰПУ
КеАҚ Басқарма
Төрағасы-Ректоры



1 қазанда қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің құрылғанына 98 жыл толды.

Бүгіннің биігінен қарап, өткенді қанша құбылтып, қақпақыл ойнатқанмен, тарихтың аты – тарих. Ал сол тарихтың сарғайған парақтарын ашқанда, әрбір дата мен әрбір есімнің артынан тұтас бір дәуірдің тынысы сезіледі. Өйткені Абай университетінің шежіресі – бір ғана білім ордасының жылнамасы емес, қазақ даласында жоғары білімнің қалыптасу тарихы. Ол – 1928 жылғы 1 қазан.

Дәл осы күні Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті салтанатты түрде ашылып, еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орнының алғашқы іргесі қаланды. Содан бері арада 98 жыл өтті. Бір ғасырға жуық уақыт ішінде оқу орнының атауы да, құрылымы да, мәртебесі де бірнеше рет өзгерді. Бірақ оның басты мұраты – ұлтқа қызмет ету, ұстаз даярлау, білім мен ғылымның шамшырағын жағу – өзгерген емес.

(Жалғасы 3-бетте)

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ КӨШ БАСЫНДА

Абай университеті «UI GreenMetric World University Rankings – 2026» жаһандық университеттер рейтингінде 308-орынды иеленіп, өткен жылмен салыстырғанда 48 орынға жоғарылады. Яғни педагогикалық қара шаңырақ қатысушы санының артқанына қарамастан, экологиялық көрсеткішін айтарлықтай жақсартып, әлемнің үздік 350 университеті қатарына енді.

«UI GreenMetric World University Rankings – 2026» жаһандық университеттер рейтингі – жоғары оқу орындарының экологиялық тұрақтылығы мен қоршаған ортаны қорғау, энергетиканы үнемдеу және тұрақты даму саласындағы жұмысына бағалайды. Оған әлемнің 110 елінен 2016 жоғары оқу орны қатысады.

Дүниежүзілік рейтинг қатарына биыл 271 университет жаңадан қосылған. Ал Қазақстан бойынша рейтингке 41 жоғары оқу орны еніп, отандық ЖОО-лар арасында Абай университеті 4-орынды иеленді.

Халықаралық рейтингтің бағалау әдістемесіне биылдан бастап өзгерістер енгізіліп, бағалау 7 негізгі бағыт бойынша жүргізілді. Олар: инфрақұрылым және экологиялық орта, энергия және климаттың өзгеруі, қалдықтарды басқару, суды пайдалану көлік, білім беру және зерттеу, сондай-ақ басқару және цифрландыру. Жаңа бағалау тәсілі университеттердің тұрақты даму бағытындағы инфрақұрылымдық шешімдерін, экологиялық бастамаларын, білім беру мен зерттеу қызметін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл жетістік – Абай университетінің еліміздегі жетекші білім ордалары арасындағы экологиялық бастамалар мен жаңа цифрлық технологияларды енгізудегі көшбастшылық орнын айқындай түсті. Сонымен қатар жасыл орта қалыптастыру, энергия үнемдеу, қалдықтарды басқару бағыттары бойынша білім ордасының жаһандық экологиялық жауапкершілікті айрықша назарға алатынын көрсетеді.

«Abai University»
медиа орталығы



ТҮРКИЯДА
АБАЙ ОРТАЛЫҒЫ
АШЫЛДЫ **3-бет**



«ОЛ – ДЕКАНЫМЫЗ
ШӘБДЕН АҒАЙДЫҢ
ДАУЫСЫ ЕДІ» **6-бет**



САХНАДА ЖАРҚЫРАҒАН
«ҮРКЕР» **7-бет**

СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ САЛТАНАТЫ

Студенттік шақ – адамның жадында жатталып қалатын ең жарқын кезеңдердің бірі. Бірі жаңа достар табады, бірі арманын айқындайды, енді бірі болашақ мамандығына алғашқы қадам жасайды. Осындай ерекше кезеңнің бастауы болған «Қош келдің, Студент» студенттік қабылдау салтанаты бүгін Абай университетінің Мұхтар Әуезов атындағы стадионында жастардың басын қосты. Салтанатты кеште ақжарма тілек айтылып, эстарда жұлдыздары білім алушыларға естен кетпейтін кеш сыйлады.

Салтанатты кеш басталмай тұрып-ақ стадион маңынан жастықтың қызу лебі сезілді. Бірінші курс студенттерінің бірі достарын іздеп, енді бірі сахнаға көз тігіп, жаңа ортаға бой үйретіп жүр. Әуен аспандап, студенттердің көтеріңкі көңілі кештің сәнін келтіре түскендей. «DJ DARKHAN» мен «A-Blues бэнд» әсем әнмен қарсы алып, мерекелік кештің алғашқы шырайын ашып тұр...

Сағат 16:00-де асқақ әуенмен салтанатты жиынның шымылдығы ашылды. Экраннан көрінген Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан» деген сөзі кештің негізгі мәнін анғартқандай. Ұлы ақынның бір ауыз сөзі бүгінгі жасқа да, ертеңгі ұстазға да бағыт сілтер темірқазық іспетті. Көп ұзамай сахна төріне «ABAI: NEW LEVEL» дэнс клубының өнерпаздары көтерілді. Michael Jackson, «Tokyo Drift» әндеріне құрылған би қойылымы жастарды бірден баурап, кештің ырғағында тербелтті. Сахна мен көрермен арасы жақындай түскендей.

(Жалғасы 6-бетте)

ПУСАН УНИВЕРСИТЕТІМЕН СЕРІКТЕСТІК ОРНАТЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Корея Республикасына мемлекеттік сапары аясында Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп бастаған ресми делегациясы Пусан шет тілдері университетінің президенті Чан Сун Хынмен кездесті. Қос тарап екі университет арасындағы академиялық және ғылыми серіктестікті дамытуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.



Абай университеті мен Пусан шет тілдер университеті арасындағы меморандум бірнеше бағытты қамтиды. Мәселен білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы, бірлескен ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар өткізу, қос дипломдық бағдарламаларды іске асыру. Сонымен қатар докторанттарға шетелдік ғылыми жетекшілер тағайындап, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар дайындауды көздейді.

Екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Анапияұлы мен Пусан шет тілдері университетінің президенті Чан Сун Хын қол қойды. Аталған келісім «Орталық Азия – Корея Республикасы» бірінші саммиті аясында жүзеге асқан ғылым және жоғары білім саласындағы Қазақстан-Корея серіктестігін нығайту жөніндегі жұмыстың жалғасы.

Кездесу барысында қос тарап халықаралық серіктестікті нығайту, университет студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамының және зерттеуші ғалымдардың тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады. Сонымен қатар білім алушыларға қос дипломды білім беру бағдарламасы іске қосу алғышарттары сөз болды. Жиынға Абай университеті Шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі Серік Иватов та қатысып, алдағы уақытта студенттердің академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасуына байланысты ойларын ортаға салды.

Айта кетейік, Пусан шет тілдер университеті – Оңтүстік Кореяның шет тілдері мен халықаралық зерттеулерге мамандандырылған беделді жоғары оқу орны. 1981 жылы ашылған білім ордасы әлемнің көптеген тілдерін, соның ішінде шығыстану және халықаралық бизнес бағыттарын да тереңдетіп оқытады. Оқу орны бұған дейін де қазақстандық бірқатар университеттерімен ортақ келісімге келіп, бірлесе жұмыс істеген.

Әзімбек ҚОЙЛЫБАЙ

Қысқа-нұсқа

- Абай университетінде жаңа Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің ресми ашылу салтанаты өтті. Заманауи технологиялардың заманы дәуірлеген уақытта құрылған факультет жаңа буын педагогтарын даярлауды мақсат етеді.
Жиынды ашқан университет ректоры Болат Тілеп жаңа факультеттің құрылуы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллектіні ел дамуының басым бағыттарының бірі ретінде айқындаған тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылғанын атап өтті.

- ҚР Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен полковник Амантай Алимкулов Абай университетінің әскери кафедра басшысы қызметіне тағайындалды. Жаңа басшыны Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Анапияұлы ұжымға таныстырып, алдағы оқу жылында жоспарда тұрған маңызды міндеттерді жүктеді. Жиынға оқытушы-профессорлар құрамы мен кафедра курсанттары қатысты.

- Абай университетінде студенттерге арналған «Жемқорлыққа жол жоқ: таза қоғамға бір қадам» тақырыбында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасымен семинар-тренинг өтті. Кездесудің негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны мен зардаптарын түсіндіру, сондай-ақ студенттер бойында адалдық пен парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру.

- Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Жыр тұмар» атты республикалық студенттер арасында жас ақындар дуэлі өтті. Жыр жекпе-жегінде еліміздің жоғары оқу орындары ішінен арнайы іріктеуден өткен 16 ақын бақ сынады. Бас жүлдені Абай атындағы ҚазҰПУ-дың студенті Шәміл Несіпбай қанжығалады.

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ – ERASMUS+ UNIFUND ЖОБАСЫНДА

Абай университеті «University Endowment Fund Development in Kazakhstan – UNIFUND» халықаралық жобасына қатысушы ретінде қосылды. Бұл жоба Еуропалық Одақтың Erasmus+ бағдарламасы негізінде жоғары білім беру саласындағы әлеуетті арттыру бағыты бойынша жүзеге асырылады.



Халықаралық жобаға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Еуропадағы серіктес университеттер және Абай университетімен қатар еліміздегі өзге де жоғары оқу орындары қатысушы ретінде тіркелген. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жобадағы грант иегері әрі үйлестіруші.

UNIFUND жобасының негізгі мақсаты – Ұлттық қауымдастық пен университеттердің мақсатты қорларының (эндаументтерінің) цифрлық платформасын дамытуды мақсат етеді. Сонымен қатар, олардың құқықтық базасын қалыптастыру, әдістемелік қолдау көрсету және жоғары оқу орындары арасында эндаумент мәдениетін кеңінен насихаттау арқылы Қазақстандағы жоғары білім берудің қаржылық тұрақтылығы мен академиялық дербестігін арттыру бойынша жұмыс істейді.

Жоба аясында мақсатты қорларды басқарудың жалпыұлттық жүйесін әзірлеу көзделіп отыр. Бұл жүйе қазақстандық жоғары оқу орындарына қаржыландыру көздерін әртараптандырудың заманауи тетіктерін енгізуге жол ашады.

Абай университетінің UNIFUND жобасына қатысуы еліміздің көшбасшы педагогикалық жоғары оқу орнының халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығын арттыра түспек. Жоғары білім берудің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің заманауи тетіктерін енгізуге де жаңа мүмкіндіктер берері сөзсіз.

Жоба аясында Абай университеті қызметкерлерінің эндаумент-қорларды құру және басқару саласындағы құзыреттерін дамытуға, мониторинг жүргізудің заманауи цифрлық құралдарын енгізуге, сондай-ақ сарапшылар мен стратегиялық серіктестердің кәсіби желісін кеңейтуге ерекше мән беріледі.

«Abai University» медиа орталығы



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Абай университеті халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерін жыл сайын нығайтып келеді. Оқу орны әлемдік университеттер белсене қатысатын QS World University Rankings, Times Higher Education және UI GreenMetric World University Rankings сынды жаһандық бағалау сынына қатысып, білім сапасы мен ғылыми әлеуетін және тұрақты даму бағытындағы жетістіктерін жариялап отыр.

Ең алдымен, биыл жазда жарияланған QS World University Rankings by Subject 2026 пәндік рейтингінің нәтижесінде «Білім беру және оқыту» (Education & Training) бағыты бойынша әлемде 41-орынға ие болып, бейінді бағыты бойынша әлемдегі үздік 50 университеттің қатарына енді. Ал QS World University Rankings 2027 нәтижесі бойынша 634-орынды, ал Қазақстан университеттері арасында 4-орынды иеленді. Бұл университет дамуының тұрақты динамикасын және жаһандық бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қазақстандағы Education & Training бағыты бойынша әлемдік ТОП-50 тізіміне енген жалғыз университет болғаны да аса маңызды. Сонымен қатар университет Азия жоғары оқу орындары арасында үздік нәтижелердің бірін және Орталық Азиядағы ең жоғары көрсеткішті көрсетті.

UI GreenMetric халықаралық рейтингінде әлемнің 1700-ден астам университеті арасында 356-орынға ие болса, ал Қазақстан бойынша 4-орынға тұрақтады. Сондай-ақ педагогикалық қара шаңырақ шетелдік ЖОО-лармен серіктестік байланыс орнатып, екіжақты бірлескен жобаларды іске асырады. Яғни әлемнің 27 елінің жоғары оқу орындарымен 180-нен астам меморандумға қол қойып, ынтымақтастық орнатқан. Серіктестік аясында Франция, Польша, Ресей және Беларусь елдерінің жоғары оқу орындарымен қосдипломды білім беру бағдарламалары оқытылады.

Сонымен қатар жыл сайын білім беру бағдарламаларын IAAR, IQAA, KAZSEE, АТҚО, CAAAE және ARQA сияқты тәуелсіз агенттіктер акредитациядан өткізетінін де атап өткен жөн. Сапаны бағалау орталықтары университеттің академиялық оқыту, білім алушылардың зертханалық әрі тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру бағытындағы қызметіне баға береді.

Қорыта келгенде халықаралық рейтингке ену және жоғары нәтиже көрсету – оқу орнының білім беру және ғылыми қызметін халықаралық стандарттарға сай екенінің айқын дәлелі.

«Abai University» медиа орталығы

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, ҚАРА ШАҢЫРАҚ!



(Басы 1-бетте)

ТАРИХҚА КӨЗ САЛСАҚ

Қазақстандағы жоғары оқу орындарының алғашқы бастауын кейбір ғалымдар 1918 жылғы Түркістан АССР-і орталығы Ташкентте ашылған Қазақ педагогикалық курсынан немесе 1926 жылы Ташкентте құрылған Қазақ педагогикалық жоғары оқу орнынан бастау керек деген пікір айтады. Ол пікірді жоққа шығармаймыз. Дегенмен тарих куә, бүгінгі Абай университеті 1928 жылы бірінші қазанда Алматыда «Қазақ мемлекеттік университеті» деген мәртебемен тұсауын кескен.

Елімізде алғаш рет есігін Қазақ мемлекеттік университеті деген атаумен ашқан тұңғыш жоғары оқу орны атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ) бүгінгі таңда еліміздің жоғары білім саласында жас ұрпақты білім мен ғылымға баулуда ғылыми-педагогикалық әлеуеті мол, материалдық-техникалық базасы берік қалыптасқан іргелі оқу орнына айналды.

ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ ҚҰДІРЕТІ

«Қара шаңырақ» деген ұғымның астары терең. Ол – бастау болған үй. Алғашқы қадам жасалған мекен. Ұрпақ сабақтастығы үзілмейтін қасиетті орын. Абай университеті де қазақ жоғары білімінің дәл сондай қара шаңырағы. Оның қабырғасында ұлт ұстаздары дәріс оқыды. Ғалымдар ғылыми мектеп қалыптастырды. Мыңдаған жас маман атанып, еліміздің түкпір-түкпіріне аттанды. Олар ауыл мектебінде бала оқытты, ғылыммен айналысты, оқулық жазды, ел басқарды, ұлттық мәдениет пен руханиятқа қызмет етті, қызмет етіп келеді.

Қара шаңырақтың құдіреті тарихи ғимараттар мен атауларда ғана емес, ұстаздан шәкіртке, буыннан буынға жалғасқан рухани сабақтастықта жатыр.

1 ҚАЗАН – АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТУҒАН КҮНІ

Бүгінде Абай университеті өзінің ғасырлық мерейтойына нық қадам басып келеді. Жоғарыда айта кеткеніміздей, 1928 жылы 1 қазанда құрылған. Осыған орай елімізде 2024 жылы 1 қазан – ҚР Жоғары білім қызметкерлері күні болып кәсіби мерекелер тізіміне енді.

98 жыл – өткенді қорытындылайтын ғана емес, келешекке бағыт белгілейтін тарихи белес. Алда заманауи педагог даярлау, білім беру жүйесіне ғылыми негізделген жаңалықтар енгізу, жасанды интеллект мүмкіндіктерін игеру, ұлттық педагогика мен әлемдік тәжірибені сабақтастыру секілді жаңа міндеттер тұр.

Уақыт өзгеріп, технология қанша жаңарса да, ұстаздың қоғамдағы орны өзгермек емес. Себебі мемлекеттің ертеңгі келбеті бүгінгі мектептен, ал мектептің сапасы мұғалімнен басталады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай университетінің миссиясы – маман даярлаумен ғана шектелмейді. Оның міндеті – ел болашағын тәрбиелейтін тұлға қалыптастыру.

1928 жылы 124 студентпен басталған білім жолы бүгінде үлкен ғылыми-педагогикалық кеңістікке айналды. Алда Қазақ ұлттық педагогикалық Зерттеу университетіне айналу межесі тұр. Бүгінде қасиетті қара шаңырақ халықаралық рейтингтерде-гі көрсеткіштерін жыл сайын нығайтып келеді. Оқу орны әлемдік университеттер белсене қатысатын QS World University Rankings, Times Higher Education және UI GreenMetric World University Rankings сынды жаһандық бағалау сынына қатысып, білім сапасы мен ғылыми әлеуетін және тұрақты даму бағытындағы жетістіктерін дәлелдеп келеді.

Бір ғасырға жуық уақыт өтті. Дәуір ауысты. Ұрпақ жаңарды. Университеттің атауы бірнеше рет өзгерді. Бірақ оның рухани өзегі өзгерген жоқ.

Ол – білімге адалдық.

Ол – ұстазға құрмет.

Ол – ұлтқа қызмет.

Туған күніңмен, қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы!

Өмірбек САНСЫЗБАЙ









УНИВЕРСИТЕТ АТАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ХРОНОЛОГИЯСЫ

ЖЫЛРЕСМИ АТАУЫ

1928 Қазақ мемлекеттік университеті

1930 Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты

1935 Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институты

1939 Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық институты (АлМПИ)

1959 Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институты (ҚазМПИ)

1990 Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті (ҚазМПУ)

1992 Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті (АлМУ)

2001 Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті жабық акционерлік қоғамы

2003 жылғы ақпан «Абай атындағы Алматы университеті» ашық акционерлік қоғамы

2003 жылғы 26 қыркүйек Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ)

БҰРЫНҒЫ ҚАЗПИ-ден – ҚАЗІРГІ ҚазҰПУ-ға

Алдыңғы буын арасында Қазақ педагогикалық институты (ҚазПИ) деген атпен белгілі, ал кейін университет мәртебесін қайта иеленген Абай физика-техника, тіл және мәдениет, жаратылыстану бөлімдері бар Педагогикалық факультет бірінші болып өз жұмысын бастады. 1930 жылы тек педагогикалық мамандар даярлайтын институт ретінде қайта құрылып, оның атауы «Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты» болып өзгерген. 1935 жылы қазақтың ұлы ақыны Абайдың туғанына 90 жыл толуына орай, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнына хәкім Абайдың есімі беріліп, «Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институты» деген атау алды.

Оқу ордасының жоғары білім мектебі ретінде қалыптасуының бастау көзінде тұрған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері, ұстаздар мен ғалымдар бар. Олардың қатарында ұлт зиялылары Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Смағұл Сәдуақасов, Санжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Баймен Алмановты ерекше атауға болады. Мұны қазіргі уақытта «рухани үстемдік» деп атауға болады. Абай университеті осы аманаттан аттаған емес.

5 қыркүйек – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлт ұстазы, қазақтың және Абай университетінің алғашқы профессорларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Бұл күн Алаш қайраткерінің дүниеге келуіне орай елімізде Қазақстан халқы тілдері күні болып бекітілген. Бұқараның сауатын ашып, оқу-ағарту ісіне ғибратты ғұмырын арнаған ұлы ағартушы Абай атындағы ҚазҰПУ қабырғасында дәріс оқып, педагогикалық қара шаңырақтың қалыптасуына ықпал еткен.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ КҮНІ



Ұлы ағартушы елді түзету баланы оқытудан басталатынын алға тартты. Мәселен, «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі» деп жазады. Мемлекет және қоғам қайраткері қазақ тілі мен әдебиеттану, түркітану ғылымдарының негізін салып қана қоймай, ағартушылық, білім беру саласына да өлшеусіз үлес қосқан. Тарихи деректерге сүйенсек, 1928 жылы 1 қазанда сол кездегі Қазақ мемлекеттік университеті, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ашылуында Ахмет Байтұрсынұлы сөз сөйлеген. Қара шаңырақтың ашылу салтанатына Қазақ АКСР халық ағарту комиссары Ораз Жандосов ұлт ұстазын арнайы шақырған. Ол өз сөзінде «университет» атауының негізгі мағынасын талдап береді. «Университет – жоғары мәдениеттегі сана сезім, ал жоғары мәдениет адамзаттың ғылым мен техникада қол жеткізген орасан жетістіктерінің жиынтығы. Сол себепті Қазақ университетінің ашылуы қазақ халқының жоғары мәдениет ағымында өрлеу кезеңіне жеткенінің дәлелі» деген.

Бұл қара шаңырақтың құрылуында маңызды мәселенің бірі – оқытушылар құрамын жасақтау. Соған сәйкес, 1928 жыл 15 қазандағы университет оқытушылар құрамын бекіту туралы ректордың №14 бұйрығында 9 оқытушыға лауазым беріледі. Ол қатарда 3 профессор: университет ректоры Санжар Асфендияров, Н.Н. Фатов және Ахмет Байтұрсынұлы болды. Бұйрыққа сәйкес А.Байтұрсынұлы мен Санжар Асфендияровқа 1928 жылдың бірінші қазаннан бастап, Н.Н.Фатовқа 19 маусымнан бастап «университет профессоры» деген лауазымы берілген. Сол жылы 3 қарашада ректордың тағы бір бұйрығы шығады. Бұл құжатта А.Байтұрсынұлына «Қазақ тілі» кабинетін құру жүктеледі.

Алаш қайраткері Абай университетінде жалпы 8 ай жұмыс істеген. Ахмет Байтұрсынұлы 1929 жылдың 10 маусымынан бастап оқу орнындағы қызметінен босатылады. Себебі, ағартушы маусым айында жазықсыз жаламен ұсталып, абақтыға жабылған. Ұлт ұстазының қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнындағы қызметінің осындай тарихы бар.



Бүгінде білім ордасында ұлт қайраткерлері мен Алаш азаматтарының есімдері ардақталып, арнайы дәрісханалар мен аудиториялар ашылған. Мәселен Педагогика және психология факультетінде ағартушының көзі тірісінде жұмыс істеп, шәкірттерге дәріс оқыған №10 аудиторияға Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілген. 2025 жылдың 2 қыркүйегінде кабинет салтанатты түрде ашылып, ғалымның кітаптары мен ғылыми еңбектері қойылды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының биік шыңы, ұлттық сананың оянуына жол ашқан дара тұлға. Ұлы ұстаздың асқақ арманы сауатты, білімді, өз тілін қастерлейтін ұрпақ еді. Сол арманның орындалуы – бүгінгі Абай университеті студенттері мен ұстаздарының парызы. Ахметтің жолы – ұлт жолы. Ұлттың жолы – білім жолы. Ахмет күні құтты болсын!

Өмірбек САНСЫЗБАЙ



Түркияда Абай орталығы ашылды

Түркияның Қыршехир Ахи Эвран университетінің базасында Абай атындағы қазақ тілі, әдебиеті және мәдениеті ғылыми-зерттеу орталығының ашылу салтанаты өтті. Жаңа орталық екі елдің ғылыми, білім беру және мәдени бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл – Абай атындағы ҚазҰПУ мен Ахи Эвран университетінің халықаралық серіктестігінің жаңа белесі.

Ғылыми-зерттеу орталықтың қызметі – қазақ тілін, әдебиетін және Қазақстанның мәдени мұрасын зерттеу мен кеңінен насихаттауға, бірлескен ғылыми-зерттеу және академиялық жобаларды дамытуға бағытталады. Нәтижесінде Қазақстан мен Түркия ғалымдары, оқытушылары және студенттері ортақ диалог орнатып, тіл, әдебиет пен мәдениет бағытындағы зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.

Ашылу салтанатына Қыршехиро Ахи Эвран университетінің басшылығы мен профессорлары және Абай атындағы ҚазҰПУ делегациясы арнайы қатысты. Делагация құрамында Әлем тілдері факультетінің деканы Еділбай Оспанов, Академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Мұрат Мырзахметов және Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің бас маманы Әсем Нұржанқызы бар.

Қыршехир Ахи Эвран университетінің Ректоры Мұстафа Қасым Караходжаоғлы ашылу салтанатында Абай орталығының екі университет арасында дамып келе жатқан академиялық және мәдени ынтымақтастықтың маңызды нәтижесі екенін алға тартты. Алдағы уақытта серіктестік аясында Ахи Эвран атындағы түрік тілі, әдебиеті және мәдениеті қолданбалы зерттеу орталығы Абай университетінің базасында да ашылмақ.

Екі университет арасындағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған жұмыстар мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта Абай университетінің шетел тілдері кафедрасында магистратура деңгейінде 1+1 форматындағы қос дипломды білім беру бағдарламасын іске қосу жоспарланған. Бағдарлама білім алушыларға академиялық ұтқырлық аясында халықаралық тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік береді.

Абай университетінің делагациясы Түркияға сапары аясында Қыршехир провинциясының губернаторы (уәлиі) Мұрат Сефа Демирюрекпен кездесіп, өңір басшысымен білім беру саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Жаһандану дәуірінде екі тараптың білім беру ұйымдары арасындағы серіктестікті арттырудың маңызды екені анық. Осыған орай, тараптар білім алушылардың жатақханамен қамтамасыз етілуі, оқу үдерісін ұйымдастыру және академиялық ұтқырлық бағдарламасымен өзара байланысты жетілдіру керектігі атап өтілді. Губернатор Мұрат Сефа Демирюрек пен университет өкілдері ұзақ мерзімді, өзара сенімге негізделген ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті екенін білдірді.

Жалпы алғанда Абай университеті 180-нен астам шетелдік жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатқан. Оның ішінде Түркия мемлекетінің университеттерімен білім беру саласындағы 50-ге жуық меморандумға қол қойылған. Серіктестік аясында қара шаңырақ шәкірттері бауырлас елдің оқу орындарында білім алып, тәжірибе алмасып, оқытушы-профессорлар құрамы бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Биылғы жылы Ахи Эвран университетінде Абай университетінің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Биология» білім беру бағдарламаларының студенттері академиялық ұтқырлықпен білім алып қайтты. Провинция басшылығымен кездесу осы бағыттағы жұмыстарға серпін беруді мақсат етеді.

Әзімбек ҚОЙЛЫБАЙ



УНИВЕРСИТЕТ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА САБАҚ ӨТКІЗДІ

Алматыда жоғары оқу орны мен мектеп арасындағы ғылыми-әдістемелік байланысты нығайтуға бағытталған «Ғалыммен сабақ: университет ғылымы – мектеп оқушысына» жобасы басталды. Білім беру бастамасын Абай университетінің ғалымдары мен әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназиясы бірлесіп ұйымдастырды. Сабаққа Алматы қаласы Бостандық ауданының 30 мектебінен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

Іс-шара аясында Абай университетінің бес ғалымы мектеп оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен тақырыптық сабақтар өткізді. Сабақтар дәстүрлі форматпен шектелмей, оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталды. Оқушылар ғылыми сұрақтарға жауап іздеп, тілдік және әдеби материалдарды талдап, өз ойларын дәлелді түрде жеткізуге және қорытынды жасауға машықтанды. Атап айтқанда, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Раеева Гүлзат 5-сынып оқушыларына «Фонетика: тіл дыбыстары және үндестік заңдылықтары» тақырыбында сабақ өткізді. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Ильясова Нағима 8-сынып оқушыларына «Морфология мен синтаксис: сөз тұлғасы мен сөйлем құрылымының байланысы» тақырыбын түсіндірді.

Ұлы Абай шығармашылығы жайлы да танымдық тақырыптар оқушылар үшін қызықты. PhD, аға оқытушы Иманғали Өркен 10-сынып оқушыларымен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған «Дәуір, кейіпкер және көркемдік таным» тақырыбын талқылады. Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Сатемирова Дариға 8-сынып оқушыларына «Жыраулар поэзиясы: ұлттық рух, тарихи жад және көркем сөз» тақырыбында сабақ өткізді. Ал филология ғылымдарының кандидаты, доцент Оспан Еділбай 11-сынып оқушыларына эссе жазудың құрылымы мен негізгі талаптарын түсіндіріп, «Эссе жазып үйренейік: тезис, дәлел және қорытынды» тақырыбында практикалық сабақ ұйымдастырды.

Жобаның «Ғалымға сұрақ» форматына оқушылар ерекше құлшыныспен қатысты. Ғалымдарға өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ғылыми тұрғыдан нақты жауаптар алды. Мұндай формат оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, зерттеу жұмыстарына ынтасын қалыптастыруға ықпал етері анық.

Іс-шараның тағы бір маңызды бөлігі – университет ғалымдары мен мектеп мұғалімдерінің әдістемелік тәжірибе алмасуы. Кездесу барысында ғалымдар білім беру үдерісіндегі заманауи әдістер, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, тіл мен әдебиетті оқытудың тиімді тәсілдері туралы дәріс оқыды.

Мектеп мұғалімдері үшін бұл жоба заманауи әдістемемен танысып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Университет ғалымдары өз кезегінде оқушылармен тікелей жұмыс істеп, жас буынның қажеттілігі мен қызығушылығын тәжірибелік тұрғыдан ұғынып, еліміздің білім беру мазмұнын ғылыми-теориялық жағынан жетілдіре түсуге деректі негіз алды. Мұндай бірлескен бастамалар ғылым мен білімнің өзара ықпалдастығын күшейтіп, сапалы білім берудің дамуына, келешекте білікті мамандар қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Филолгия факультетінің деканы Ботакөз Тілубекова бұл жоба жөнінде былай деді:

–Жобаның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын ғылыми ізденіске баулу, жоғары және орта білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ педагогтардың кәсіби тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау. Алдағы уақытта бұл жоба басқа да мектептерді қамтып, оқушылар мен мұғалімдер үшін тұрақты ғылыми-әдістемелік алаңға айналады деп ойлаймын.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ

№1 (01)
ТАМЫЗ
АВГУСТ
2026 ЖЫЛ

Dostyq, 13

СТУДЕНТТЕР ГАЗЕТІ

Редактор бағаны



Жас оқырманға арнау сөз

Өткен ғасырдың басында Алаш көсемдері «Қазақ» атты еліміздің алғашқы газетін (1913 ж.) жарыққа шығарады. Ұлттық рухани майданда бұл газет қаншама аға-бауырдың көзін ашты, көкірегін оятты. Жалпыұлттық газет арқылы халықты оқуға, кәсіпті прогрессивті формада жүргізуге және үкімет тарапынан болған әділетсіздіктерге қарсы қоғамдық көзқарас қалыптастыруда орасан зор ықпал етті. Қазақ тағдырына тікелей әсер қалдырды. «Қазақ» газеті шығарда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы күллі қазақтан сүйініші сұрап, газеттің бас мақаласын жариялайды. Аханның айтуынша, «әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек».

Біз де ата жолынан қалмай, сіздерден сүйінші сұрағалы тұрмыз. Себебі тарихы бір ғасырға жетіп қалған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан «Достық 13» студенттік шығармашылық газет қосымшасын шығарып отырмыз. Бұл қосымшаның маңызы зор.

Біріншіден, қазақ «өнер алды қызыл тіл» дейді. ЖИ дамыған, жаһандану заманында тіл өнерінің маңызы артпаса, кемімейді. 1945 жылдары әлемге аты шыққан ғалым Қаныш Сәтбаев «бір ғылым институтын сақтау керек болса, әдеби институтты аман алып қалайық» деп дөп басып айтқан. Себебі тіл тек коммуникация құралы емес. Бұл - құндылық, мінез қалыптастыратын идентификация.

Екіншіден, жас авторларды қолдауымыз керек. Әдетте таудай талабымен шығарма жазып бастаған жас авторлардың еңбегі жарыққа шықпай, тауы шағылады. Немесе ізденістің, бағыт берер адамдардың жоқтығынан яки сын пікірге шыдамай, сағы сынып жатады. Сол дарынды шәкірттердің басын қосатын, қаламдарын ұштайтын бір орта керек-ақ.

Үшіншіден, ақ қағаз бен қара сияны серік еткен студенттер арқылы өзге жастарға пайдалы болу. Біздің бүгінгі міндетіміз – шексіз ақпарат кеңістігінде жөнді дүниелер ұсына алу. Сіз, біз болып бұл кеңістікте адамгершілік, жақсылық, оқу, білім құндылықтарын насихаттай алсақ, ақыл парасат майданында жеңіске жететініміз сөзсіз. «Адамды адам кеткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» демекші, жастар арасында газет, журнал, кітап оқу мәдениетін қалыптастырумыз керек. Осы себептерге байланысты газет қосымшамыздың маңызын түсіне алдыңыздар деп ойлаймын.

Ендігі тоқталатын жайт - бұл газет арқылы не ұсынамыз?

Біздің мақсат айқын: жастарға пайдалы болу. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп үлкен қалаға үйренісу оңай емес. Көбіне білім алам деп келген талаптанушы түрлі жағдайларға тап болып, жолдан таяды. Жоғары курсқа келгенде бойында бірінші жылдағыдай рух ойнамайды. Газетіміз арқылы өмірдегі ең жарқын сәт - студенттік шақты дұрыс пайдалануға ықпал етеміз. Ол үшін жас жазарманға ұсынып отырған бірнеше айдарымыз бар.

Әуелгісі, университетке түскен сәттен бастап білікті маман болғанға дейін студенттер білуі тиіс деген маңызды ақпараттар айтылады. Қарапайым жатақхана мәселесінен бастап, дипломдық жұмыс жазып, жұмысқа тұрғанға дейінгі кезеңдерді сөз етеміз.

Екінші, оқырмандарымыз заман ағымынан қалыспау үшін әлемде болып жатқан маңызды жаңалықтармен бөлісеміз.

Үшінші, адам адамға қарап бой түзейді. Сол үшін жастарға үлгі болар өткен мен бүгінгі күннің тұлғалары жайында сөйлейміз, нұры тасысын деп жақсының жақсылығын айтамыз.

Газеттің тұрақты оқырманы болған студент сөзсіз жастық шақтың қуатын боска жібермейді.

Біздің мақсат газет арқылы Мағжан ақын сенген, көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар, алаш атын аспанға шығаратын жастар легін қалыптастыру. Ендеше өз жұмысымызға сәттілік, ал құрметті оқырмандарымызға ықылас пен зейін тілейміз!

Ендеше, ақ жол «Достық, 13»!

Нұрдәулет САҒЫМБЕК

Әсем ән



АБАЙЫМНАН ТАПҚАНЫМ

Сөзі: Нұршапағат Сәулеттікі
Әні: Нұршапағат Сәулет пен Әмір Өмірзақтікі

Арайсыз көріп шуақ сезімді,
Мұңая бердім сулап көзімді,
Абайға түсіп оқуға кенет,
Бойымда қызық қуат сезілді.
Абайдан көріп сен алғаш
Абайсыз сүйдім өзіңді.
Махаббат бақыт бере алмас деген,
Қайтып аламын сөзімді.

Қайырмасы:
Сергелдең сезінбейді өзін сүйген шақта кім?
Сенсіз де сабақ пенен дәрісті онша қақпадым.
Өзіңмен қарсы алсам ғой, Алматының ақ таңын,
Пейілі Алатаудың ақ қарындай әппағым,
ҚазҰУ емес, ҚызПУ емес, ҚазҰПУ-дан тапқаным.
Сезімім қалды жазған лекцияда, хатта мың,
Келгелі сабақ емес, сені есімде сақтадым.
Өзіңмен қарсы алсам ғой Алматының ақ таңын,
Пейілі Алатаудың ақ қарындай әппағым.
ҚазҰУ емес, ҚызПУ емес, ҚазҰПУ-дан тапқаным.

Сенен дәрістің мәнін көремін,
Өзіңсіз жаныма менің керегі.
Алматыда көп білім ордасы,
Сен жоқсың бірақ бәрінде оның,
Сағынсам саған ұшамын.
Қауышып тағат төзімді,
ҚазҰПУ күтті құшағын жайып,
Табуым үшін өзіңді.

Қайырмасы:

Студенттік шақ – ізденіс пен мүмкіндіктер мекені

«Студенттік өмір» деген сөзді естігенде әр адамның көз алдына әртүрлі көрініс келеді. Біреу үшін ол – дәрісхана мен кітапхана, енді біреу үшін – достық пен қызыққа толы күндер. Ал мен үшін студенттік шақ – өзіңді іздейтін, арманыңды айқындайтын, өмірдің үлкен сахнасына дайындалатын ерекше кезең. Алматы. Таңғы қаланың қарбаласы. Көшелердегі асығыс қадамдар, аялдамада тұрған студенттер, қолында дәптері мен кофесі бар жастар... Осы көріністің өзі студенттік өмірдің бір бөлшегіндей. Бұл қалада әр күннің өз әуені, әр көшенің өз тарихы бар. Ал сол тарихтың ішінде университетке асыққан мыңдаған жастың арманы мен үміті тоғысады.
Мен үшін Алматы – тек әсем қала емес, ол – студенттік шағымның куәсі. Осы қалада менің талай таңым атса, талай кешім сабақпен, шығармашылықпен, достарыммен және түрлі университеттік іс-шаралармен өтті. Уақыт өте келе Алматының көшелері де таныс бола бастады. Университетке асыққан жол, сабақтан кейінгі серуен, күтпеген кездесулер, асығыс дайындалған жобалар – бәрі де студенттік шақтың естелігіне айналады.
Мен бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің үшінші курс студентімін. Үшінші курс – студенттік өмірдің ең қызық әрі жауапты кезеңдерінің бірі сияқты. Бірінші курста университет табалдырығын енді аттап, жаңа ортаға бейімделуге тырыссаң, екінші курста өзіңді іздей бастайсың. Ал үшінші курсқа келгенде университет өмірінің тынысын жақсырақ сезініп, өзіңнің бұл ортадағы орныңды түсіне бастайды екенсің.

УНИВЕРСИТЕТ – БІЛІМ ҒАНА ЕМЕС, ӨМІР МЕКТЕБІ

Университет мен үшін тек білім алатын орын емес. Бұл – адамның тұлға ретінде қалыптасатын ортасы. Дәрісханада алған теориялық білімнің сыртында өмірлік тәжірибе деген үлкен мектеп бар. Сабаққа дайындалу, тапсырманы уақытында орындау, көпшілік алдында сөйлеу, пікіріңді еркін жеткізу, өзгелермен жұмыс істеу – мұның барлығы болашақ маманның қалыптасуына әсер етеді.

Әсіресе педагогикалық бағытта білім алып жүрген студент үшін мұндай тәжірибенің маңызы зор. Себебі болашақ мұғалім тек өз пәнін жақсы білумен шектелмеуі керек. Ол адамдармен тіл табыса алатын, ойын жеткізе алатын, жауапкершілікті сезінетін, заман талабына бейімделе алатын тұлға болуы қажет. Университеттегі әрбір іс-шара, әрбір жоба, әрбір қоғамдық жұмыс осы қасиеттерді дамытуға өзінше үлес қосады.

Университет өмірінің маған ұнайтын



тұсы – оның тек бір мамандықтың немесе бір аудиторияның шеңберімен шектелмейтіні. Мұнда түрлі факультеттерден, түрлі мамандықтардан, түрлі университеттерден келген жастардың басын қосатын орта қалыптасады. Студенттік ортада бір идеяның төңірегіне бірігу үшін бір мамандықта оқу міндетті емес. Өнерге, шығармашылыққа, білімге деген ортақ қызығушылықтың өзі жеткілікті.

(Жалғасы 4-бетте)

СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАР – АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР МЕН БОЛАШАҚ

Кейде адам өз бойындағы ең үлкен қабілетті өзі де байқамайды. Ол мүмкіндік біреу оны сахнаға шақырғанда, пікірін сұрағанда, жауапты істі сеніп тапсырғанда немесе көпшілік алдында алғаш рет сөз сөйлегенде ғана ашылуы мүмкін. Кеше ғана аудиторияның соңғы қатарында үнсіз отырған студент бүгін сахнада өнер көрсетіп, ертең қоғамдық жоба ұйымдастырып, артынша университеттің ақпарат кеңістігіне өз үлесін қосуы мүмкін.



Жастық шақтың ізденіс пен тәжірибеге толы осындай кезеңінде студенттік ұйымдардың орны ерекше. Себебі университет өмірі тек дәріс пен емтиханнан тұрмайды. Студенттің тұлға болып қалыптасуына оның араласатын ортасы, көтерген бастамалары, таңдаған ісі, жетістіктері мен жіберген қателіктері де тікелей әсер етеді. Ал мұндай даму ортасын қалыптастыратын маңызды күштің бірі – студенттік ұйымдар.

Бүгінде Абай университетінде 55 студенттік ұйым жұмыс істейді. Берілген деректер бойынша, осы ұйымдарға 1900-ден астам студент тартылған. Бұл – университеттегі әрбір дерлік қызығушылықтың өз ортасы бар екенін көрсететін ауқымды көрсеткіш. Мұнда пікірталастан бастап театрға, еріктіліктен спортқа, журналистикадан робототехникаға, музыка мен биден тіл үйренуге дейінгі сан алуан бағыт қамтылған.

Бірақ бұл 55 ұйымды жай ғана клубтар жиынтығы деп қабылдау аздық етеді. Олардың әрқайсысы – белгілі бір қызығушылықтың ғана емес, студенттің өзін сынап көруіне, қабілетін жетілдіруіне және жаңа орта табуына мүмкіндік беретін шағын шығармашылық кеңістік.



Ең бастысы, бұл қозғалыстың өзегінде студенттің өзі тұр. Жастар іс-шараның мазмұнын ойластырады, жобасын әзірлейді, міндеттерді бөліседі, адамдарды жинайды, нәтижесіне жауап береді. Яғни студент дайын шараның көрермені емес, оның авторы мен ұйымдастырушысы болады. Мұндай тәжірибе кітаптан оқып немесе дәрістен тыңдап үйренетін дағдылардан әлдеқайда бөлек. Себебі жауапкершілікті іс жүзінде сезіну – тұлғалық өсудің ең тиімді жолдарының бірі.

СӨЗ САЛМАҒЫ

Өзін көпшілік алдында еркін ұстап, ойын анық әрі дәлелді жеткізуді көздейтін жастар үшін пікірталас пен шешендік клубтарының орны бөлек. Филология факультетіндегі «LIDER» клубы 28 студенттің басын қосып, ораторлық шеберлікті шыңдауға бағытталған. Ал ойлау көкжиегін пікірталас арқылы кеңейтуді көздейтін жастардың «Тізгін» дебат клубында – 20, «Тұғыр» клубында – 25, ал «Атамекен» интеллектуалды пікірталас клубында – 80 мүшесі бар. Дебатқа қатысқан жас өз пікірін қорғауды ғана емес, қарсы тараптың уәжін тыңдауды, дерекке сүйенуді, сабырмен жауап беруді үйренеді. Бұл қабілеттердің барлығы кейін кәсіби ортада да қажет болады.

Зияткерлік бағыттағы «Ars Totalis» клубына 9 студент қатысса, «Білім вектор» клубы 30 жастың тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Яғни кейбір ұйымдар көпшілікке арналса, енді бірі шағын ортада тереңірек ізденуге жағдай жасайды. Маңыздысы – студенттің өзіне сәйкес кеңістікті табуы.

САХНА – ӨЗІҢДІ ТАНУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Театр сахнасының берері де осымен сабақтас. «Үркер» студенттік театрында – 40 студент өнер көрсетсе, «Қағанат» театры – 100, «Шың» театры – 70 жасты біріктіреді. Ал «Ұшқын» театрында – 28 студент шығармашылық ізденіспен айналысады.

Сахнадағы бірнеше минуттық қойылымның артында апталарға созылған дайындық, рөлдерді шебер бөлу, мәтін жаттау, өзара сенім мен ортақ нәтижеге деген ұмтылыс жатыр. Сондықтан театр – өнер алаңы ғана емес, тәртіп пен жауапкершілік мектебі.

Студенттік сахнаның ауқымы мұнымен шектелмейді. Жайдарман бағытындағы «Тастақ» клубында – 10, «Ұят емес» командасында – 5, «Көшедегілер» мен «SenSulu» құрамдарында – 5 студенттен, «Абай болайық» командасында – 7, «ЖГФ» командасында – 4 студент өнер көрсетеді. Студенттер саны аз болғанымен, бұл командалар жастарды көпшілік алдында өзін-өзін көрсете білуге, тапқырлыққа және бірлесіп әрекет етуге үйретін таптырмас мектеп.

ӨНЕР

Шығармашылық бағыттағы ұйымдар студенттік өмірге өзгеше реңк береді. «Diamond» би тобының құрамында – 25 студент болса, «Айдай» клубында – 26, «Dem dance» тобында – 18, «Гакку» клубында – 22, «Laula» би клубында – 15, «Алау би» тобында – 10 жас өнер көрсетеді.

Музыкаға қызығатын жастар үшін де бірнеше шығармашылық орта қалыптасқан. «Abai music» клубы 15 студентті біріктірсе, «Auez Band» құрамында – 22, «Sound rise» клубында – 12, «Taspa» өнерлі жастар клубында – 21, «Alau» музыкалық ансамблінде – 10 студент бар. Ал «Руханият» студенттік оркестрі – 30 жастың басын қосып отыр.

Өнер факультетіндегі «VISAGE» модельдік клубында – 9 студент, «БЕЙНЕ» клубында – 17 студент шығармашылық ізденіс үстінде. «Шабыт» клубы да 65 жасты біріктіріп, концерттік бағдарламаларды ұйымдастыруға атсалысады.

Бұл ұйымдардың тағы бір ерекшелігі – студентке өзін көрсетуге мүмкіндік беруі. Біреудің бала күнгі арманы сахнаға шығу болса, енді бірі музыкаға икемі бар екенін көпшілікке көрсетуге батылы жетпей жүруі мүмкін. Міне, осындай ортада жастардың қорқынышын жеңіп, бойындағы қабілетін сынайды. Ал осындай алғашқы батыл қадам кейде адамның бүкіл болашақ бағытын өзгертіп жатады.

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖҰМЫЛҒАН ЖАСТАР

Университеттегі студенттік қозғалыстың тағы бір маңызды бағыты – еріктілік пен қайырымдылық. Мұндай ұйымдардың ауқымы да айтарлықтай кең. Мәселен, «Мейірім» еріктілер клубында – 30, «Орта» клубында – 45, «Senim» қамқоршы еріктілер клубында – 30, «OzgertSen» клубында – 35 жас бар. Ал «Береке» клубы 98 студенттің басын қосып отыр.

Ал математика, физика және информатика факультетіндегі «Ниет» қайырымдылық клубы 143 студентті біріктіріп отыр. Бұл – берілген тізімдегі ең ірі студенттік қауымдастықтардың бірі.

Еріктілікпен айналысқан жас ұйымдастырудың қыр-сырын да меңгереді. Қайырымдылық шарасын өткізу үшін біреумен келісу, қажетті заттарды жинау, ақпарат тарату, қатысушыларды үйлестіру, уақытты дұрыс жоспарлау қажет. Яғни игі істің өзі жас адамның бойында болашақ кәсібіне қажет көптеген дағдыны қалыптастырады. Ең маңыздысы – өзгенің мәселесіне қол ұшын созу арқылы азаматтық жауапкершілік сезімі бекиді.









КӨШБАСШЫЛАР АЛАҢЫ

СПОРТ

Спортты таңдаған студенттер де назардан тыс қалмайды. «Абадан» спорттық клубында – 12 студент болса, «Tumar» футбол клубында – 22, «Phoenix» футбол клубында – 45, «Otyrar» футбол клубында – 16, «Жеңіс» клубында – 16, «ProActive» спорт клубында – 23 жас бар.

Спортпен қатар интеллектуалдық жарыстарға қызығатын жастар үшін 120 студентті біріктіретін «Garde» шахмат клубы жұмыс істейді. Мұнда логикалық және стратегиялық ойлау ғана емес, сабыр мен төзім де қалыптасады.

Спорт пен шахматтың ортақ бір қасиеті бар – нәтиже бір күнде келмейді. Жеңіске жету үшін тұрақты дайындық, төзім және өз қателігіңнен сабақ алу қажет.

АҚПАРАТ

Ақпарат пен технология саласына қызығатын жастарға арналған ұйымдардың да аясы кең. Мәселен, 24 студенттің басын қосқан «Қаламгер» журналистика клубы мақала жазу мен шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал 15 мүшесі бар «Student's mass media» клубы жаңалықтар тарата отырып, университеттің ақпараттық кеңістігін жандандыруға өз үлесін қосып келеді.

Бүгінде ақпаратты тек тұтынып қана қоймай, оны өзі өндіретін ұрпақ үшін мұндай ортаның маңызы зор. Студент алғашқы мақаласын жазып, сұхбат алып, деректерді тексеру және оны оқырманға жеткізу арқылы журналистиканың жауапкершілігін тәжірибе жүзінде сезінеді.

Технологияға қызығатындар «Abai Robo» клубында робототехника әлеміне қадам басады. 30 студентті біріктіретін бұл клуб робототехникаға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған. «Аяла» студенттік ғылыми зерттеу экоклубында 55 жас ғылым мен экологиялық жауапкершілікті ұштастырып жүр.

Тіл үйренуге қызығатындар үшін де таңдау бар: «Француз тілі» клубында 20 студент болса, «Bright» клубында 23 жас ағылшын тілін үйреніп келеді. Ал «Жас дипломаттар» тобы 15 студенттің халықаралық және қоғамдық бағыттағы қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Құқық саласына қызығатын 60 студент «Заңгер» клубына топтасқан. Бұл да студенттің өз мамандығымен шектелмей, басқа салаларға қызығушылық танытуының бір көрінісі.

САН ТҮРЛІ МҮМКІНДІКТЕР ОШАҒЫ

Студенттік ұйымдардың тағы бір ерекшелігі – көлемі әртүрлі болғанымен, әрқайсысының өз орны бар. Мәселен, 190 студенттің басын қосқан «Жастар рухы» клубы ең ірі ұйымдардың бірі саналса, «VISAGE» мен «Ars Totalis» клубтарындағы 9 студенттен тұратын құрам шағын ортада жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бір жерде көпшілікпен бірге үлкен жоба жүзеге асса, енді бір жерде бірнеше адамның терең шығармашылық немесе зияткерлік ізденісі алдыңғы орынға шығады.

«Alem» белсенді студенттік клубына 50 жас қатысса, «Руханият бастауы» клубында 16 студент бар. Бұл ұйымдардың әрқайсысы студенттік өмірдің белгілі бір қырын толықтырып, университеттегі ортақ қозғалыстың бір бөлігіне айналып отыр.

Осы ұйымдардың барлығын біріктіретін бір ғана ерекшелік бар – олар студентке дайын жол ұсынбайды, өз жолын табуға мүмкіндік береді. Біреу үшін бұл – алғашқы сахна. Біреу үшін – тұңғыш қоғамдық жоба. Енді біреу үшін – алғашқы мақала, алғашқы жарыс немесе көпшілік алдында айтылған алғашқы пікір. Ал кейбір студент осы ортадан өмір бойы бірге жүретін достарын табады.

Сондықтан Абай университетіндегі 55 студенттік ұйымды 55 мүмкіндік деуге болады. Олардың мүшелік ауқымы да әртүрлі, бірі – бірнеше жасты біріктірсе, енді бірі – жүзден астам студенттің басын қосады. Бірақ ұйымның көлемінен бұрын оның студент өміріне берер тәжірибесі маңызды.

Мұндағы 1900-ден астам студенттің әрқайсысы өзіне керек нәрсені іздейді. Бірі көшбастылық қабілетін шыңдайды, бірі сахнаға алғаш шығады, енді бірі қайырымдылықпен айналысады. Біреу футбол ойнайды, біреу шахмат тақтасында стратегия құрады, енді бірі мақала жазып, жаңалық таратады. Бірі робот құрастырып, бірі шет тілін үйренеді. Осындай алуан бағыттың тоғысуы университет өмірін жандандырады.





Қорыта айтқанда, студенттік ұйымдар – бұл жай ғана белсенділік мекені емес, әр студенттің өз әлеуетін ашатын шынайы мүмкіндіктер алаңы. Мұндағы 55 ұйым мен 1900-ден астам мүше – Абай университетінің соғып тұрған жүрегі, оның ақпараттық, мәдени және азаматтық тынысы. Студенттік кезеңдегі алғашқы қадамдар, жетістіктер мен ізденістер әрбір студенттің бойында өмірлік дағды қалыптастырып, болашақ тұлғалық жолын айқындайды. Ұйым көлемі қандай болса да, ең бастысы – оның жастарға берер жігері мен жібермейтін қанаты. Ал осы арқылы өз биігін тапқан әрбір студент – университеттің ертеңгі мақтанышы.

Айтолқын АРҒЫН







Студенттік шақ – ізденіс пен мүмкіндіктер мекені

(Басы 1-бетте)

УНИВЕРСИТЕТ ӨМІРІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ – СТУДЕНТТІК БЕЛСЕНДІЛІК

Студенттік өмірдің ең үлкен ерекшеліктерінің бірі – оның бір орында тұрмайтындығында. Бір күні сабаққа асығып жүрсең, келесі күні университетте өтетін іс-шараға дайындалып жатуың мүмкін. Кейде бір аптаның ішінде бірнеше түрлі міндетті қатар алып жүруге тура келеді.

Осындай сәттерде университет белсенділерінің еңбегі ерекше байқалады. Университет активисі болу – сырт көзге қызық әрі жеңіл көрінуі мүмкін. Алайда оның артында үлкен жауапкершілік, уақытты дұрыс жоспарлау және адамдармен жұмыс істей білу қабілеті жатыр.

Мен де университеттің қоғамдық және шығармашылық өмірінен шет қалмай, түрлі бастамаларға қатысып келемін. Мен үшін белсенді студент болу – барлық жерде көріну емес, өзіңнің университетіңе аз да болса пайданды тигізу. Бір іс-шараны ұйымдастыруға көмектесу, идея ұсыну, сахнаға шығу, командамен жұмыс істеу немесе біреуге қолдау көрсету – мұның бәрі студенттік белсенділіктің бір бөлігі.

Кейде сабақ пен қоғамдық жұмысты қатар алып жүру оңай болмайды. Бір жағында – дедлайн, екінші жағында – іс-шараның дайындығы. Бір уақытта бірнеше міндет жиналып қалатын кездер де болады. Сондай сәттерде адам өзінің мүмкіндігін қайта бағамдайды. «Үлгеремін бе?» деген сұрақтың орнына «Қалай үлгеремін?» деп ойлай бастайды. Меніңше, студенттік өмірдің адамға беретін ең үлкен сабақтарының бірі – осы.

«ҚАҒАНАТ» – СТУДЕНТТІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ҮЛКЕН САХНАСЫ

Студенттік өмірімді шығармашылықтан бөлек елестету қиын. Университеттегі белсенділігімнің маңызды бөлігінің бірі – «Қағанат» шығармашылық одағы.

«Қағанат» мен үшін жай ғана өнер көрсететін немесе университеттік іс-шараларға қатысатын орта емес. Бұл – идея тудыратын, сол идеяны сахнаға шығаратын, өз шығармаларын дүниеге әкелетін жастардың шығармашылық кеңістігі.

Қағанаттың ерекшелігі – біз дайын дүниелерді ғана орындап қоймаймыз. Өзіміз жазамыз, өзіміз ойластырамыз, өзіміз сахналаймыз. Осы ізденістің нәтижесінде дүниеге келген авторлық спектакльдеріміздің қатарында «Бәрі*бір емес», «Әділ-ет», «Тарпаң», «Ūndependence» атты қойылымдар бар.

Бұл спектакльдердің әрқайсысының көтеретін жүгі, айтар ойы бөлек. Сахна арқылы қоғамға, адамға, тарихқа, тәуелсіздікке қатысты мәселелерді қозғауға тырысамыз. Өйткені театр – тек көрерменді қызықтырудың құралы емес, ой салудың да өнері.

Соның ішінде «Тарпаң» спектаклі арқылы Алаш зиялыларының өмірі мен тағдырын сахна тілімен жеткізіп, тарихи тұлғалардың күрделі кезеңін көрерменге қайта сезіндіруге ұмтылдық. Алаш арыстарының ел болашағы үшін жасаған еңбегі, бастан өткерген тағдыры мен тарихи таңдаулары қойылымның негізгі өзегіне айналды. Бұл спектакль көрерменнің көзайымына айналып, тарихты өнер арқылы тануға мүмкіндік берген шығармалардың бірі болды.

Ал «Ūndependence» спектаклі үшін Алматыда өткен «Жас Гала – 2025» байқауында Гран-при иегері атануымыз – «Қағанат» шығармашылығы үшін ерекше белестердің бірі. Бұл жеңіс біз үшін жай ғана жүлде емес, өзіміздің авторлық ізденісімізге берілген үлкен баға болды. Ең бастысы – сахнада айтылған ойдың көрерменге жеткенін сезіну.

Шығармашылықта жеңіс қуанышты болғанымен, одан да маңыздысы – сол жолдың өзі. Репетициялар, мәтінді қайта-қайта талдау, образ іздеу, сахналық шешімдер, соңғы сәттегі өзгерістер... Көрермен бірнеше минутта көретін дүниенің артында қаншама адамның еңбегі мен уақыты жатыр.

«ҚАҒАНАТ» – БІР УНИВЕРСИТЕТПЕН ШЕКТЕЛМЕЙТІН ОРТА

Қағанаттың тағы бір ерекшелігі – оның шығармашылық қозғалысы бір ғана университеттің қабырғасымен шектелмейді. Қазақстандағы түрлі жоғары оқу орындарының студенттерін қамтитын, жастарды өнер мен шығармашылық арқылы біріктіретін орта қалыптасып келеді.

Қағанаттың Астанада да «Қағанат Астана» бағыты бар. Бұл – шығармашылық идеялардың бір қалада ғана қалып қоймай, өзге өңірлерге де таралып, студенттер арасында жаңа байланыстардың орнауына мүмкіндік береді.

Меніңше, студенттік ұйымның ең үлкен жетістігі – оның қанша іс-шара өткізгенімен ғана өлшенбейді. Оның артында қанша жастың өз қабілетін ашқаны, қанша адамның сахнаға алғаш шыққаны, қанша жаңа идеяның дүниеге келгені маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қағанат» – студенттерге өз мүмкіндігін сынауға жол ашатын шығармашылық мекен.

(Жалғасы бар)

Ұлжалғас АХАН

Ақ қауырсын



Данияр БОЛАТҚАН,
Оразалы Досбосынов атындағы ақындар орталығының шәкірті

Ғашығыма қарайлап жүрші, Алматы

Уа, Алматым – ару қалам,
Ұнайсың, бермесең де бәрін маған.
Жүректен өшпей қойған сол бір қыздай,
Сенен артық жылы жер табылмаған.

Сол қыздай неге сен өкпелейсің?
Итересің,
Соңында: «Кетпе», — дейсің.
Біздегі махаббаттың аяғындай,
Алматым, уайым-қайғы шекпегейсің.

Құзға жыға алмайсың қыр баласын,
Сен де талай жұптардан үлгі аласың.
Ауылыма қайтамын десем болды,
Аспаныңа бұлт әкеп, бұлданасың.

Көресің жаны жуас жанды бірден,
Сол қыздың иісі шығар әр гүліңнен.
Сенен көңілім қалғанда, тұк білместен,
Жуып-шайып тастайсың жаңбырыңмен.

Сезсең ғой махаббатты өлеңдегі,
Ақының онсыз да көп елеңдеді.
Ғашығыма қарайлап жүрші, Алматы,
Сен көбірек көресің менен гөрі.

Бір қап жаңғақ

Балық емес, сен маған қармақ бердің,
Шаршасаң да, білдіртпей алдап келдің.
Ата, сіз қайтқан күні, білесіз бе,
Бұрыштан жиюлы қап жаңғақ көрдім.

Болсаң да қанша бұта еге білген,
Сая таппай кеттің бе кең өмірден?
Өзің еккен жаңғақ қой мұның бәрі,
Сен тіріде жинауға мен ерінген.

Көргенде бөлінгені-ай жүрегімнің,
Күші де жоғалғандай білегімнің.
Ақыры өзің жиған сол жаңғақтан,
Тым ащы дәмін сездім бұл өмірдің.

Айта алман қабырғамның қирағанын,
Еске түссе, әлі де қиналамын.
Сонда менің көзіме елестеді:
Ауырсаң да, еңкейіп жинағаның.

Жинап жүріп ғұмырды көркем еттің,
Есейсем де, өзіңе еркелеппін.
Жаңғақтай қаттылықты үйреттің де,
Өзің неге шағылып, ерте кеттің?

Қателік қылсамдағы қолдағасың,
Қадамымды сен нықтап оңдағасың.
Сол ағашта ақырын құрап жатыр,
Жаңғағын жинайтын жан болмағасын.



Сабина ЖҰМӘДІЛ,
Оразалы Досбосынов атындағы ақындар орталығының шәкірті

Нұрға бөлеп тамұқты...

Нұрға бөлеп өтетін тамұқты бар,
Сен бе екенсің көктегі анық шынар.
Жаңбыр болғым келеді жалғыз тамшы,
Жалғыз тамшы...
тек саған тамып тұрар.

Еңсергендей қиялдың қия-шыңын,
Ессіз болып кетеді жиі ақылым.
Күнге айналып кетсемші аспандағы,
Нұрын сенің төбеңе құятұғын.

Дауыл соқса-ғаламның көркіне кер,
Жер еркесі желді жер еркін етер.
Самал болсам, қырқадан есіп келіп,
Сенің ғана жүзіңді желпіп өтер.

Жарық күнге болмайды-ау түйіспей түн,
Жан баласы көз салып, тиіспейтін,
Жауқазының болайын шыңда өсер-
Жұпар иісін сен ғана иіскейтін.

Асылында жүз жылап, жүз күлетін,
Сырдың жайы бөлек қой біз білетін.
Түнгі аспанның иесі – «Ай» мен болсам...
Сен әр кеште мұң шертіп, үздігетін.

Жүрегім де, сезім де, ақылым да,
Кетпес сірә қиялдың тақымында.
Еріп жүріп соңынан осы күйдің,
Жерге симай кетем-ау ақырында.

***

Дертіме дауа іздеген жанмын өткеннен,
Үмітім қайда текке өлген.
Көк аспанымнан жол салып ұшып жыл құсым,
Сүйіншілеші көктеммен.


Ғаламат әнің алыстан тербеп көк белді,
Ғасыр мұңымен шектелді.
Қауырсыныңа байлап ап әлем шуағын,
Келетін уағың жеткен-ді.

Саз үнің қайда шартарапты да таң қылар,
Сезімнен өрнек салдырар.
Қанаттарыңнан есетін жылы самалдан,
Үміттер қайта жаңғырар.

Сенің жолыңа жалғаулы ма екен шабытым,
Қайда екен менің бағытым?
Жылына алмай жабырқау жүрген жанымды,
Жылатар ма екен тағы түн?!

Қалмау үшін де ілігіп сағым соңына,
Қарайлап келем жолыңа.
Аспанға қарап,бұлт ішін тінтіп жүргенде,
Алдымнан қалғын жолыға.

Сөзжұмбақ



КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Студентке мамандық бойынша оқу траекториясын таңдауға көмектесетін және бағыт беретін кеңесші оқытушы.
2. Пәннің мазмұны, тақырыптары, тапсырмалары мен бағалау критерийлері жазылған, семестр басында берілетін бағдарлама.
3. Оқытушының университет аудиториясында студенттерге арнап оқитын теориялық сабағы.
4. Студенттің оқыған барлық пәндері, кредиттері мен алған бағалары (GPA) көрсетілген ресми құжат үзіндісі.
5. Үздік және жақсы оқитын студенттерге ынталандыру ретінде ай сайын берілетін мемлекеттік ақшалай көмек.

ТІГІНЕН:

6. Факультет студенттерінің оқу үлгерімін, құжаттарын, сабаққа қатысуын және тәртібін қадағалайтын әкімшілік бөлім.
7. Студенттердің жылына екі рет тапсыратын, бүкіл семестрлік білімін қорытындылайтын емтихандар кезеңі.

Сөзжұмбақ ЖИ-ді падалану арқылы әзірленді

«Dostyq, 13» қосымшасының редакторы Нұрдәулет БАҚЫТҰЛЫ



СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ САЛТАНАТЫ


(Басы 1-бетте)

Кештің ресми бөлімінде Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп бірінші курс студенттеріне құттықтау сөзін арнады. Болат Анапияұлы адамзаттың Абайының ардақты атын иеленеген тұңғыш университетте Алаш перзенттері аманат еткен рух үстемдігі жатқанын тілге тиек етіп, жастарды осы аманатқа адал болуға шақыруы – жиналған жұртқа еркеше әсер қалдырды. Филология факультетінің 1-курс студенті Сағынтай Өсиет жаңа буынның атынан ант беріп, университет басшысынан қолынан студенттік билет алды. Ол университет қабырғасында білім алып, елге қызмет етуге бастайтын жолдың жауапкершілігін тұстастарына айрықша толқыныспен сездірді. «Жақсының жолы – жарық» демекші, студенттік өмірдің алғашқы күнінен-ақ жастарға бағыт-бағдар беріп, ізгі тілегін білдіргендердің қатарында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Мирас Нысаналиев пен танымал журналист, тележүргізуші, университет түлегі Аман Тасыған болды.



«Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деген халық даналығы бар. Білім жолына енді түскен әрбір жас үшін университет – тек дәріс оқитын орын емес, тұлға боп қалыптасатын орта. Осыны сезінгендей, алғашқы күннен-ақ студенттер өздерінің жаңа ортасына еркін араласа бастады.

Сахна төріндегі өнер де бір сәтке толастаған жоқ. «КешYOU» тобының әуезді әндері кеш көркін аша түссе, «Дала рухы» коллекциясының дефилесі ұлттық нақыш киім үлгісінен олардың өзіндік мінезі мен талғамы биік әспеттелгенін айта кету керек.



Салтантты қабылдаудың шырайын эстрада жұлдыздары одан әрі ажарландырып, «Әдемі-ай» дуэті, Нұрмұхаммед Жақып, Бақытжан «БАХА», Бағлан Әбдірайымов және Murat Yaprak қатысушыларға тамаша көңіл күй сыйлады. Оны стадиондағы жұрттың қошеметінен анық аңғардық.

Концерттік бағдарлама соңы би кешіне ұласып, DJ DARKHANның музыкасымен жастардың әсерлі қуаныштары Алматы аспанын шадыман шаттыққа бөледі. Салтанаттың айшықты сәттерін сурет арқылы естерінде мәңгі қалдыруға тырысып жатқан жұртта есеп жоқ.

Адам өміріндегі үлкен өзгерістер ойланып жасалған қадамнан басталатыны анық. Бәлкім, бүгінгі бірінші курс студенттері үшін сол күндылық – осы шаттық жыры шығар. Ал барлығын біріктірген ортақ сезім – студент атанудың қуанышы.





Сонымен «Қош келдің, Студент» салтанаты жаңа буынның Абай университетіндегі алғашқы жарқын естеліктерінің біріне айналды. Асқақ пейілде бүгін қошеметке бөленіп, ән-күймен рухтанған жастар ертең қара шаңырақтың тарихына, ел шежіресіне өз есімдерін алтын әріптермен жазатын даңғыл жолға осылай қадам басты.

Естеріңізге сала кетейік, биыл бакалавр, магистратура және докторантура бойынша Абай университетіне 6600-ге жуық білім алушы қабылданды.

Бифат ЕЛТАЙ

Елімізде 2023 жылдан бері мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға білім беру гранты бағдарламасы іске қосылған. Бағдарлама арқылы ЖОО-ға грант негізінде және ақылы бөлімге ҰБТ тапсырмай оқуға түсе алады. Аталған жеңілдіктер жастардың әскери борышын өтеуге ынталандыру мен олардың кәсіби дамуына мүмкіндіктер жасау мақсатында даярланған. Биыл Абай университетіне әскери борышын өтеген 13 азамат «Сарбаз 2.0» жобасымен оқуға қабылданды.

ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕГЕН 13 САРБАЗ ОҚУҒА ТҮСТІ

Естеріңізде болса, 2024 жылы 15 мамырда «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңының 50-1-бабына және «Білім туралы» ҚР Заңының 26-бабына өзгертулер енгізілген болатын. Бұл өзгерістер мерзімді әскери борышын өтеген кейбір сарбаздарға білім алуға жағдай жасау үшін қарастырылған. Яғни, оқимын деген сарбаздарға бір жыл ішінде жоғары әскери және арнаулы оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ҰБТ тапсырмай-ақ оқуға түсуге мүмкіндік береді. Мәселен, Абай университетінің 1-курс студенті Ерасыл Тілекұлы осындай жеңілдікпен «Құқықтану: сот-прокурорлық қызмет» мамандығында білім алып жатыр. Ерасылдың айтуынша, бұл оның бала кезіндегі арманы болған:

– Мен арманым – заң, құқық саласында білікті маман болу. Әрине, бұл мамандыққа міндетті түрде әскери билет қажет. Сондықтан әскер қатарында жүргенде жоғары оқу орнына түсу жолдарын зерттедім. «Сарбаз 2.0» бағдарламасы бар екенін біліп, өз бағымды сынап көрдім. Яғни, сарбаздарға арналған емтиханды тапсырып, Абай университетіне оқуға түстім, – дейді білім алушы.

Мемлекеттік гранттар мерзімді әскери қызмет кезеңінде жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындықта жақсы нәтиже көрсеткендерге беріледі. Грантқа үміткерлердің жетістігі туралы барлық дерек Қорғаныс министрлігінің сайтындағы «Сарбаз 2.0» цифрлық платформасында тіркеледі.

Жоғары оқу орындарына грант бөлуді жылына екі рет Қорғаныс министрлігі ұйымдастыратын комиссия жүргізеді. Білім грантына қол жеткізе алмаған сарбаздар да жоғарғы оқу орындарына ешқандай сынақ тапсырмай, ақылы негізде түсе алады. Ал жауынгерлерге берілетін сертификат екі жылға дейін жарамды.



Отан алдындағы борышын өтеген сарбаздар еліміздегі 70-тен астам университетте тегін білім алу мүмкіндігіне ие. Айта кететін жайт, бұл гранттарға медициналық, фармацевтикалық және педагогикалық білім беру бағдарламалары енбеген. Республика бойынша 2025 жылы мерзімді әскери қызметін өткерген азаматтарға 2314 білім беру гранты бөлінсе, 2026 жылы 2553 грант қарастырылған. «Сарбаз 2.0» бағдарламасы аясындағы гранттар Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан, Шекара қызметі, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметі арасында үлестіріледі.

Айнұр АҢЛАМАСОВА

Мен Баян Әуелова деген кісімен Желтоқсан көтерілісіне арналған конференция үстінде таныстым. Қала шетіндегі «Кең дала» ауылының тұрғыны екен. Осы жиынға арнайы келіпті. «Сіз Желтоқсан туралы жазып жүрген журналист емессіз бе? Мен сізді танидым», – деді маған жақын келіп. - Желтоқсан көтерілісіне менің де қатысым бар. Егер уақытыңыз болса басымнан өткен жайды айтып берер едім». Мен тығыз шаруаларымның болғанына қарамай, уақытым жоқ дей алмадым. Екеуміз жиын өтіп жатқан залдан шығып, бір түкпірде бос тұрған орындыққа барып жайғастық. Ол әңгімесін бірден бастап кете алмады. Бірер сәт үнсіз қалып көз жасына ерік берді. Осыдан тура қырық жыл бұрын өзі сияқты курстас құрбыларымен бірге атойлап алаңға шығып, ұлт үшін отқа түскен жалынды күндерін еске түсірген болар, сірә.



«ОЛ – ДЕКАНЫМЫЗ ШӘБДЕН АҒАЙДЫҢ ДАУЫСЫ ЕДІ»

– 1986 жылы 16 желтоқсаннан бастап өмірім астан-кестен болып, Желтоқсан оқиғасына дейін және кейін болып екіге бөлінді. ҚАЗҰПУ-дың тарих факультетінің 4-курс студенті едім. Сол күні әдеттегідей сабаққа бардық, сол жерден Д.Қонаевты орнынан алып тастап, Мәскеуден жаңа басшы келді деген қауесет желдей есті. Алматыдағы жоғары оқу орындарында оқитын студенттер мен зауыт, фабрикаларда істейтін жастар алаңға жиналып жатыр екен деді. Біздің де оқу ғимаратымыздың алдынан «Қазақ еліне – қазақ басшы» деп ұрандатқан бір топ студент өтіп бара жатты. Қарап тұрамыз ба, сол топқа біз де қосылдық.

Желтоқсанның 15-інде әскери кафедраны тамамдап, қолыма әскери билет алған болатынмын. Сол билетті комиссариатқа тіркету үшін сөмкеме паспортым мен әскери билетімді салып алғанмын. Қысқы сессия жақындаған кез, конспект дәптерлерім де сол сөмкеде еді. Кешке дейін алаңда жүріп, қас қарая құрбыларыммен қайтуға бет бұрғанда танымайтын бір жігіт «Жоқ, кетпейсіңдер!» деп иығымдағы сөмкені жұлып әкетті. Құрбыларыммен сөмкемді іздеуге тура келді. Содан алаңда екі-үш сағат айналып қалдық. Бір кезде шыршада ілініп тұрған сөмкемді тауып алдым, ештеңе жоғалмапты. Кейін тергеу орындары сұрақ-жауапқа алғанда осы оқиға мазаққа айналды. Мыңдаған адам жүрген алаңда шыршаға ілініп тұрған жерінен сөмке табылды дегенге ешкім сенбеді. Сөмке табылысымен қуанып жатаханаға қайттық.

17 желтоқсан күні сабақ болмайтынын білдік. Бірақ, жастардың бәрі алаңда дегенді естіп, біз де солай тарттық. Бізді алаңға жетелеген патриоттық сезім болар. Алаң жастарға лық толыпты. Біз де милицияның кесе-көлденең тоқтатпақ болғанына қарамай, кимелеп ортаға кірдік. Мінберге жақындай бергенде бір әскери адам ай-шай жоқ қолыма микрофон ұстатып: «Мінбеге шық та, мына бейбастықты тоқтат!» – деді. Түкке түсінбеген мен микрофонды лақтырып жібердім. Жанымда құрбым бар еді. «Онда мына екі қызды ұстаңдар!» деп әмір беруі сол екен, әскерилер қолтығымыздан шап беріп ұстай алды. Біз ары-бері бұлқынып, қапсыра ұстаған тегеурінді қолдан шыға алмадық. «Апарып қамап тастаңдар!» – деп бұйырды әлгі офицер. Оны естіп тұрған жастар дүрлігіп кетті. Жастардың айбатынан жасқанды ма, әскерилер бізді босатып қоя берді. Күні бойы алаң мен көшеде жүрдік. Күн бата қарнымыз ашып, жатаханамызға қайттық. Біз алаңнан шыға бергенімізде үлкен дүрлігу басталды. Әскерилер жастарға дүрсе қоя берді. Айналамыз айқай-шуға толды да кетті. Алды-артымызға қарамай біз де қаштық. Дүрбелең басталмай тұрып алаңнан шығып кеткендіктен, бізге ешкім соқтыққан жоқ. Бірақ, қыздардың шыңғырған дауысын естідік, алыстан шаштарынан сүйреп жатқанын көрдік. Жауыздар ешкім аямады. Жүрегімізді үрей билеген біз қалшылдап-арсылдап бөлмемізге келдік. Есігімізді тарс бекітіп алдық. Түнгі сағат 11 шамасында жатақхана шамы лап етіп сөнді де артынша: «Қазақпын десеңдер, бұғып қалмаңдар! Алаңға шығыңдар!» деген дауыс естілді. Дауысты бірден танидық. Ол – деканымыз Шәбден Әділханов ағайдың дауысы еді. Деканның айтқаны заң. Апыл-ғұпыл киініп қайта бардық алаңға. Барсақ әскерилер нөпірдің үстінен су шашып, алаңнан қуып жатыр екен. Сол жерде шеруді сыртынан бақылап жүрген өзіміздің ағайларды көрдік, біреулердің суретке түсіріп жүргенін де байқадық. Күн ызғарлы болатын. Тоңа бастаған соң амалдың жоғынан жатақханамызға оралдық.



18-ші желтоқсан. Таңертеңгі сағат 7 шамасында шырт ұйқыда жатқанымызда, есігімізді біреулер қақты. «Кім бұл?» деген сұраққа «Ауелова Баян осында тұра ма?» – деді. Бейтаныс жуан дауыс. Мен шошып қалдым. Амалсыз есікті ашуға тура келді. Кезекші апай мен таныстырмаса да кім екендіктері бірден байқалатын екі бейтаныс тұр екен. Олар: «Ауеловасыз ба?.. Тез киініңіз, бізбен бірге барасыз!» деп бұйырды. Сөйтіп Абай даңғылы мен Байзақов көшелерінің қиылысында орналасқан облыстық МҚК ғимаратына сүйрегендей қылып әкелді. Сұп сұр бөлмеге кіргізіп, отырар-отырмаста бір бума суретті алдыма қойды: «Мына суреттердің ішінен өз суретіңді тап!» - деді. Жүздеген суреттің 20 шақтысы менікі болып шықты. Тергеуші суреттерімді жеке алып қоя бастады. «Өзіңді танып тұрсың ба? Танып тұрсың. Бұл да өзіңнің айыбыңды мойындағаныңның бір айғағы», – деді. Мен үндегем жоқ. Сосын қолыма «Қаладан кетуге болмайды» деген қағаз ұстатты. Тергеуші көзіме тесіле қарап тұрып: «Егер бізге жұмыс істесең, жазаң жеңілдейді. Әйтпесе сотталасың, түрмеде шіресің. Түсіндің бе, Ауелова», – деді. Әрине ол кезде мен тым жас едім, түкке де түсінгем жоқ. Үндемей отыра бердім.

Әлгі магнитофонды қосты да: «Қазақпын десеңдер, бұғып қалмаңдар! Алаңға шығыңдар!» деген ер адамның дауысын естіртті. Сосын «Осы адамның кім екенін айтсаң жазаң жеңілдейді, сен ол адамды жақсы білесің» деп қыспаққа алды. Әрине, дауысты мен танидым, бірақ «білмеймін» деп жауап бердім. Күні бойы нәр татқызбастан сұраққа алды, арасында «сотталасын», «сендейлердің көзін құрту керек» деп қорқытады. Ол жерден тек кешке босатты. Осындай азапты күн бірнеше күнге созылды. Құр сүлдерімді сүйретіп жатаханаға барамын, түнде ұйқы жоқ. Түрлі ой меңдейді, бірнеше күннің ішінде құр сүлдерім ғана қалды. Ақырында маған «бұзақылықты ұйымдастырушының бірі» деген айып тағылып, қылмыстық ісімді республикалық прокуратураға жіберді. Ол жерде менің ісім Мәскеуден келген Цириульник деген (аты есімде жоқ) тергеушінің қолына түсіпті. Сұрақ-жауап орыс тілінде өтеді, мен қазақ мектебін бітірген, ауылда өскен қызбын, кей сөздерін түсінбей қалатынмын. Таңертең тергеуге шақырады да, мазақ қылғандай өзі келмей қояды, кейде керіліп-созылып түстен кейін келеді, күні бойы аштан аш күтіп отырамын. Тергеуші бір күні «очная ставка» болады деді, оның не екенін мен қайдан білейін. Бөлмеге өзім қатарлы екі қызды кіргізді, жылай бергеннен менің екі көзім күп болып ісіп кеткен, ана қыздар түк болмағандай жарқылдап күліп отырды. Бір кезде есіктен форма киген адам кірді де, «Көрдіңдер ме, мына қыз бетіме түкірді», «погонымды жұлды» деп мені көрсетті. Мен байғұс «Неге өтірік айтасыз? Мен сізді танымаймын, бірінші рет көріп тұрмын ғой» деп шыр-пыр боламын. Одан курсанттарды кіргізді, олар да маған өтірік жала жауып, айыптай бастады. Оған жанымдағы екі қыз куә болады, «Рас, рас, тергеушінің пагонын жұлды» дейді. Әлгі екі қыз сол пракуратураның «өз» адамдары екенін кейін білдім. «Очная ставканың» не екенін жиырма жасымда осылай басымнан өткізген едім. Олар істі қалалық прокуратураға жіберді, тағы да сұрақ-жауап, тағы да «очная ставка», ақыры аудандық прокуратураға жіберді. Ол жерде менің ісім Қанат Ысқақов деген тергеушіге түсті. Өзі қазақ бола тұрып, бір жылы қабақ көрсетпеді-ау, шіркінің! Күндіз сабақтамын, кешке сұрақ-жауап. «Бүлікші, ұйымдастырушы екеніңді мойындамасаң да, бәрібір статьямен сотталасың, кем дегенде бес жылға кетесің» деп күнде миыма құяды. Ақыры аудандық прокуратура оқу орнына «бүлікті ұйымдастырушы деген атпен қылмыстық іс қозғалған адам неге жазаланбайды, комсомолдан, оқудан шығарылсын» деген талап хат жазып жіберіпті. Ол кезде оқудан шығарылу былай тұрсын, комсомолдан қуылудың өзі студент үшін үлкен айып еді. Ақыры жиналыс ашып, мені комсомолдан шығарды. Сол күндерде көрген қорлығым мен астан-кестеңі шыққан өмірім осы дүниеде көрген естен кетпес тозығым еді.

Деканымыз Шәбден ағай өзі жақындамаса да, елден бәрін сұрастырып, біліп жүріпті, өзім де «осылай болып жатыр» деп ағайдың алдына бара қоймадым. Әрине, үрейленгені анық қой. Бір күні «Баянға сәлем айт, оқудан қалмасын, бекем болсын! Оқуына өзім көмектемемін» деп біреуден сәлем айтып жеберіпті. Сол бір азапты, қиын шақта маған тек курстас құрбыларым ғана жанашырлық танытты, себебі олар менің жазықсыз екенімді білетін.

Аудандық прокуратура тергеушісі Қанат Ысқақов жерден жеті қоян тапқандай мазақ етіп, «ал, Әуелова, ісіңді үш томға толтырдық, енді сотта қорғаушы болатын адвокат жалдай беруіңе болады» деді бір күні. Адвокаттар кеңесіне барып, егделеу қазақ кісіге барып жағдайымды айта бастаған едім, ұрса жөнелді: «Сендейлерді қалай қорғаймыз, үкімет бағады-қағады, ішкізеді, жегізеді, ал сендер ішкен құдықтарыңа түкіресіңдер! Сендейлерге кешірім жоқ. Сотталасың, саған адвокат керек емес» – деп өзімді сөгіп шығарып салды. Салым суға кетіп, бар үмітім көкке ұшқандай, не болса да сотталып елдің көзіне күйік болғанша, өлгенім жақсы деген қортындыға келдім. Әке-шешеме айтуға бата алмадым, қорықтым. «Бәрінен қажыдым, мені бір құтқарса, өлім ғана құтқарар» деп құрбыларыма сыр ашқанымды өзім де байқамай қалдым. Олар мені өз-өзіне қол жұмсап қояды дегенннен секем алып, ата-анама айтуды жөн санайды. Қақаған қыста Кеген ауданына қарасты Ұзынбұлақ ауылына жолға шығады. Біздің ауыл күре жолдан шеткері жатқан шағын елді-мекен. Олар жарты жолда авобустан түсіп қалып қақаған аязда айдалада үсіп қала жаздап, жеті шақырым жаяу жол жүріп, үйге әзер жетеді. Әкем құрбыларымды көріп есеңгіреп қалыпты, бір бәленің болғанын сезіпті. Өзі «Құрмет белгісі» орденінің, бірнеше медальдардың иегері, еліне адал еңбек етіп жүрген адамға бұдан өткен ауыр жаза бар ма, сол күннен бастап әкем жүрек ауруына шалдықты.

Әкем Қалнұр халыққа еткен адал еңбегінің арқасында алған бар марапатын жиып-теріп, кеудесіне қадап Колбинге кіруге бел байлайды. Әпкем екеуі Орталық Комитеттің есігін күзетіп, табандарын тоздырып кезек күтумен бірнеше күн өткізіп, әрең дегенде бірінші хатшыға кіреді-ау, әйтеуір. Партияға адал екенін айтып, ағыл-тегіл ақтарылған әкем, қызына араша сұрап, істі оң шешіп беруін сұрайды. Колбин жағдайды түсініп, «іс жабылсын» деген бір жапырақ қағаз жазып әкемнің қолына ұстатады. Байғұс әкем сол қағазды тергеушіге әкеліп беріп, жауабын тағы күтеді. Міне, осылайша бесінші ай дегенде барып, іс қайта қаралып, мойнымдағы жала түгел алынып тасталды. Колбиннің жазған бір жапырақ қағазы менің тағдырымды шешті. Сонда жандары қалмаған жарамсақтар алдымда құрдай жорғалады, «погонымды жұлды», «бетіме түкірді» деп жала жапқандар менің алдымда қалай көстеңдегендерін көрсеңіз ғой... өте жиркеніште еді. Қоғамдағы биліктің қолшоқпарға айналғанын, мансап үшін өтірік сөйлеп, Отанын сатуға дейін баратын қуыс кеуде сатқындарды жиырма жасымда осылай басымнан өткердім.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың ерен ерлігі – Баян құрбымның айтқанындай, мәңгілік тарихта қалуы тиіс, қазақ елінің жаңа ұлттық идеологиясының ажырамас бөлігі болуы қажет. Ол үшін Желтоқсан құбылысы жөнінде түбегейлі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, барлық шындық ашық жария болуы керек. «Ол кездегі жастардың патриоттық сезімі өте жоғары болатын, қазақ үшін жанын құрбан етуге дайын еді», дейді жаңа танысым. Сұрақ-жауапта жүрген бес айдың ішінде тергеу мен жерлеуден әбден тозған жүйкесі кейін педагогтық қызметтің жүгін арқалап жүруге жарамаған. Денсаулығы сыр берген. Жалынды жастық арманы, сол үш күнгі алаңдағы айқастың отында өртеніп кеткендей.

Жазып алған
Болат ШАРАХЫМБАЙ

САХНАДА ЖАРҚЫРАҒАН «ҮРКЕР»

Өнер – жүрекке жол табатын қасиетті ұғым. Ал, театр – адам тағдырын, қоғам шындығын, ұлттың рухани болмысын сахна тілімен сөйлететін киелі мекен. Сахна шымылдығының ар жағында қаншама ізденіс, тынымсыз еңбек, толқыныс пен арман жататыны белгілі. Театрға табан тіреген әрбір жан үшін сахна – өзін танытудың ғана емес, өзгенің жан дүниесін түсінуді, өмірге басқа қырынан қарауды үйретететін ұлы мектеп. Қаншама өнерге ықыласы ауған жастардың басын біріктіріп, шығармашылық жолында қанаттандырып келе жатқан ұжымның бірі – «Үркер» студенттік театры.



«Үркер» театры – Абай атындағы ҚазҰПУ-і жанынан құрылған «Күлтегін» бірлестігіне қарасты студенттік жас театр. Театр тарихы 2020 жылы 16 қарашада Айсана Қабошеваның бастамасынан ірге көтерді. Сол күннен бастап өнерге деген құштарлық пен сахнаға деген сүйіспеншілік тоғысқан жас ұйымның шығармашылық жолы қалыптасты. Театрдың негізгі мақсаты – студент жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, олардың сахна өнеріне қызығушылығын арттыру, ұлттық драматургия мен әдеби мұраны насихаттау және кәсіби сахна мәдениетін қалыптастыру. Жас студенттік театрдың атауы өзіндік ерекше мәнге ие екендігі де аталып өтуі тиіс. Үркер жұлдызы қараңғы аспанда жарқырап сәуле шашатын болғандықтан, театрдың да көптің арасынан дараланып, әртістері осы жұлдыздай жарқырасын деген мақсатта ырымдап қойылған.

«Үркер» театры өзінің алғашқы шығармашылық қадамын қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі М.Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясымен бастады. Қазақ драматургиясының шоқтығы биік туындыларының біріне ден қою жас театр ұжымының әдеби мұраға деген құрметін ғана емес, күрделі шығармаларды сахнада игеруге деген талпынысын да танытты. Алғашқы қойылымның өзі театр үшін үлкен тәжірибе алаңына айналды. Жас әртістер кейіпкерлердің жан дүниесін түсінуге, олардың сезімін көрерменге жеткізуге, сахнадағы әрбір қимыл мен сөздің мәнін ашуға ұмтылды. Өнер жолындағы ізденіс көп ұзамай өз нәтижесін берді. «Үркер» театры Семей қаласында Ш.Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай ұйымдастырылған «Адамдық борышың...» республикалық студенттік театрлар фестиваліне қатысып, I орын иеленді. Бұл жеңіс – жас ұжымның алғашқы үлкен белестерінің бірі.

Ұжымның репертуарындағы «Алма» спектаклі – театрдың авторлық бағыттағы алғашқы шығармашылық жұмыстарының бірі. Карабала Даниярдың режиссерлығымен сахналанған қойылым ұжымдық шығармашылық жұмыс негізінде әзірленді. Университет көлемінде ұйымдастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара аясында сахналанған спектакль қоғамдағы өзекті мәселелерді студенттік театр тілімен жеткізуге бағытталды. Бұл қойылым театрдың тек классикалық шығармаларды сахналаумен шектелмейтінін көрсетті. Керісінше, жас әртістер өздері өмір сүріп жатқан қоғамдағы мәселелерге үн қосып, көрерменді адамгершілік құндылықтар мен азаматтық жауапкершілік туралы ойландыруға ұмтылды.

Театрдың тағы бір маңызды жұмысы – әлем әдебиетінің көрнекті өкілі Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі желісімен дайындалған қойылым. Ұстаздықтың қадірін, білімнің адам өміріндегі орнын және арманға жету жолындағы табандылықты арқау еткен бұл шығарма студенттік театрдың орындаушылық мүмкіндіктерін айқындады. Аталған спектакль 2024 жылы «UMIT-III» республикалық студенттік театрлар байқауында III орынға ие болды. Сонымен қатар театр актері Ермахан Мұхтаров Асанәлі Әшімов атындағы «Ең үздік ер адам бейнесі» номинациясының жеңімпазы атанды. Ұжымдық жетістік пен жеке марапаттың қатар келуі театр мүшелерінің еңбегіне берілген маңызды баға болды.

Жас театрдың тынысы өз заманының үнімен үндес болғанда ғана көрерменге жақындай түседі. Өйткені сахнада суреттелетін кейіпкерлердің қуанышы мен қиындығы, таңдауы мен күмәні бүгінгі көрерменге де таныс болуы мүмкін. «Үркер» театрының «50/50» спектаклі осы тұрғыдан алғанда ерекше назар аударуға лайық. Қойылым Алматы қаласына үлкен арманмен келген студенттің өмірін арқау етеді. Үлкен қалаға бейімделу, жаңа ортаға сіңісу, өз орныңды табу, жалғыздықпен бетпе-бет келу және өмірлік шешімдер қабылдау – жас адамның жан дүниесінде түрлі ой тудыратын мәселелер. Спектакль осы тақырыптарды сахнаға шығарып, көрерменге студенттік өмірдің сырт көзге байқала бермейтін қырларын танытады. Бұл спектакль «JAS GALA - 2024» Алматы қалалық студенттік көктем фестивалінде театр бағыты бойынша 25 театрдың ішінен оза шауып, III орын иеленді.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын қорындағы туындыларға қайта оралу – өткенді қайталау емес, оны бүгінгі ұрпақтың танымымен қайта сөйлету. Ұлттық әдеби мұраның құндылығы да осында: әр дәуір өз сұрағын қойып, сол шығармалардан өзіне қажетті жауап іздейді. «Үркер» театрының «Абай–Тоғжан» спектаклі – осындай шығармашылық ізденістің көрінісі. Спектакльдің сценарий авторы – Бахтияр Аружан. Ал сахналық қойылымның режиссері М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актрисасы Ажарлым Мағзұм. Спектакльде Абай мен Тоғжан арасындағы сезім арқылы қазақ қоғамының белгілі бір тарихи кезеңі, ұлттық болмыс, салт-дәстүр, махаббат пен адамдық құндылықтар көркемдік шешіммен ұсынылады. Мұнда жеке адамдардың тағдыры ғана емес, тұтас бір дәуірдің тынысы мен рухани дүниесі де көрініс табады.

Әр халықтың жадында өшпейтін тарихи кезеңдер, ұрпақтан ұрпаққа жететін тағдырлар бар. Сол тағдырлардың ішінде ана жүрегінің төзімін, мейірімі мен қайсарлығын бейнелейтін оқиғалардың орны ерекше. «Үркер» театрының репертуарындағы «Ай мен Айша» қойылымы да осындай терең мағыналы туындыға негізделген. Спектакльдің шығармашылық негізі – жазушы Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасы. Ал, бұл қойылымның ерекшелігі музыкалық талғамның жоғарғы үйлесімінде. Дыбыс режиссері Еркебұлан Нұржанұлының бастамасымен мелодиялар мен арнайы музыкалар қолданылды. «Ай мен Айша» драмасы арқылы «Үркер» театры көркем әдебиеттің тәрбиелік әрі рухани әлеуетін сахна өнерімен ұштастырады. Өйткені театрдың міндеті – оқиғаны көрсету ғана емес, көрерменнің жүрегіне жетіп, оның ойында із қалдыру.

Өнер жолы – үздіксіз ізденіс жолы. Оның әр кезеңінде жаңа шығармалар, жаңа кейіпкерлер, жаңа толғаныстар мен жаңа жауапкершіліктер күтіп тұрады. «Үркер» студенттік театрының бүгінге дейінгі шығармашылық сапары да осындай ізденістерден құралған. Ұлттық әдебиетке құрмет, заманауи тақырыптарға үн қосу, республикалық сахналарда бақ сынау және ортақ шығармашылық мақсатқа жұмылу – театр тарихының өзара сабақтас бөліктері. Бір кездері «Қарагөз» трагедиясымен алғашқы қадамын жасаған жас ұжым бүгінде бірнеше қойылымды репертуарына енгізіп, республикалық байқауларда үздіктер қатарынан көрініп жүрген шығармашылық ортаға айналды.

Нұрсәуле МӘУЛЕНҚЫЗЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың студенті

Білім беру және киберқауіпсіздік

Цифрлық технология адам өмірінің барлық саласына дендеп енген сайын ақпараттық қауіпсіздік мәселесінің маңызы да арта түсуде. Әсіресе, білім беру кеңістігінде цифрлық ресурстардың кең қолданылуы киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруды уақыт талабы деңгейіне көтеріп отыр. Осы бағыттағы өзекті мәселелер бүгін Абай университетінде өткен республикалық ғылыми-педагогикалық конференцияда кеңінен сөз болды.

«Білім берудегі киберқауіпсіздік: заманауи сын-қатерлер, инновациялық технологиялар және цифрлық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбын арқау еткен ғылыми жиынға университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен докторанттар қатысып, цифрлық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми ізденістерін ортаға салды. Бүгінде білім беру жүйесі жасанды интеллект, цифрлық платформалар, смарт-аудиториялар және цифрлық егіздер секілді жаңа технологиялармен толығып келеді. Мұндай өзгеріс білім беру үдерісінің мүмкіндігін кеңейтумен бірге, ақпаратты қорғау мен цифрлық қауіпсіздікке қойылатын талапты да күшейте түсті.

Цифрлық технология қаншалықты дамыса, оны қолданатын адамның жауапкершілігі де соншалықты арта түседі. Осы ұстаным конференцияның маңызды бағыттарының біріне айналды. Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің оқытушылары болашақ педагогтың цифрлық ортадағы кәсіби жауапкершілігіне назар аударып, әлеуметтік желілер мен ақпараттық жүйелерді қауіпсіз пайдаланудың тиімді жолдарын түсіндірді.

Киберқауіпсіздік тек техникалық мамандардың міндеті емес. Бүгінгі педагог үшін де цифрлық сауаттылық кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Өйткені білім алушыға цифрлық құралды пайдалануды үйрету жеткіліксіз. Оны сол ортада өзін қауіпсіз ұстауға, ақпараттың шынайылығын ажыратуға, жеке деректерін қорғауға және жауапкершілікпен әрекет етуге баулу маңызды.

Конференцияның секциялық бөлігінде осы мәселелер білім алушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан сабақтасты. Кибералаяқтық, фишинг, әлеуметтік инженерия секілді қауіптердің табиғаты мен олардың алдын алу жолдары білім беру үдерісімен байланыста сараланды. Қазіргі цифрлық ортада қауіпсіздік мәдениеті бір күнде қалыптаспайды. Ол біліммен, күнделікті дағдымен және жауапкершілікпен орнығады. Сондықтан білім беруде киберқауіпсіздік технологияны қорғаумен ғана шектелмей, цифрлық мәдениеті қалыптасқан тұлға тәрбиелеу міндетімен байланысты.

Бір сөзбен айтқанда, республикалық ғылыми-педагогикалық конференция ғылыми ізденістерді тоғыстырып, цифрлық дәуірдің жаңа талаптарына жауап беретін білім беру ортасын қалыптастырудың маңыздылығын айқындап берді.

Айнұр ҚУАНЫШҚЫЗЫ

ПОЛЯК МУЗЫКАНТТАРЫ БІЗДЕ ҚОНАҚТА

Абай университетінде «Есімде сол тыныш, нұрлы, алтын күндер» атты поляк вокалдық музыкасының концерті өтті. Іс-шара поляк жұртының Қазақстанға депортациялануының басталғанына 90 жыл толуына арналды. Концерттің мақсаты – тарихқа үңіліп, музыка арқылы қос халық арасындағы өзара түсіністік пен мәдени байланысты нығайту.



Концерттің атауы поляк ақыны Казимеж Пшерва-Тетмайердің «Pamiętam ciche, jasne, złote dnie...» – «Есімде сол тыныш, нұрлы, алтын күндер...» жыр жолдарынан алынған. Бұл тармақ өткен шақты қайтара алмасақ та, оны жадымызда сақтай алатынымызды бейнелейді деген мағынаға саяды.

Рухани кеш барысында жиналған қауымға Польшаның музыкалық мәдениетін әлемге танытып жүрген әнші Кшиштоф Чупиньски-Свёнтек және пианист, клавесинші Станислав Лопушиньски өнер көрсетті. Өнерпаздар 2018 жылдан бері бірлесіп, әлемнің бірнеше елінде концерт өткізіп келеді. Олар бүгінгі өнер кешінде Станислав Невядомский, Ян Галль, Игнаций Ян Падеревский, Мечислав Карлович, Францишек Мирецкий, Станислав Монюшко, Фредерик Шопен, Адам Мицкевич, Казимеж Пшерва-Тетмайер сынды танымал тұлғалардың туындыларын көрерменге тебіреніспен жеткізді. Сондай-ақ, музыкалық кеште поляк вокалдық және фортепианолық музыкасының түрлі кезеңдері қамтылып, тыңдарман көңілі түрлі сезімге бөленеді.

Қазақ пен поляк ұлты – тағдырлас халық. Екеуі де сыртқы саяси күштердің қысымына ұшырап, жер аударудан бастап, ұлттық мәдениетті сақтап қалуда сансыз күресті бастан өткерген. Ал қызыл империяның озбыр саясатының кесірінен поляктардың бір бөлігі Қазақстанға жер аударылғанына да тарих куә.

Классикалық музыка жүректі тербеткен әсерлі іс-шараның соңында Қазақстандағы поляктар одағының құрметті төрағасы Виталий Свинцицкий сөз сөйлеп, қазақ халқына ыстық ықылас-ын білдірді. Өз кезегінде поляк өнерпаздарына университет басшылығы тарапынан қазақы дәстүрмен сый-сияпат жасалып, алғыс айтылды.

Естеріңізге сала кетейік, Абай университеті Польша жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Білім беру саласындағы стратегиялық байланысты арттыруда Польшаның Алматы қаласындағы Бас консулы Дариуш Шевчык және вице-концулы Павель Недзвеуцский қасиетті қара шаңырақта талай қонақта болған. Сонымен қатар, Польшаның Помор университетімен бірлескен қос дипломды бағдарлама жүзеге асу үстінде.

«Abai University» медиа орталығы

Алматыда 16–18 қыркүйек аралығында Абай университеті мен Шанхай педагогикалық университеті студенттерін бір ортада тоғыстырған Халықаралық студенттік форумы болып өтті. «Тұрақты болашақты қамтамасыз етудегі білім берудің құндылығы» тақырыбындағы бұл форумды Абай университеті, Қытайдың Шанхай педагогикалық университеті және UNESCO Teacher Education Centre (TEC) бірлесіп ұйымдастырды. Аталған іс-шара екі университет жастарына білім беру саласындағы өзекті мәселелерді бірге талқылауға, зерттеулер жасауға және жаңа академиялық байланыстар орнатуға жағдай туғызды. Үш күнге созылған халықаралық кездесу болашақ педагогтардың кәсіби көзқарасын кеңейтіп, екі ел студенттері арасындағы тәжірибе алмасуға жол ашты.



СУДЕНТТЕР ФОРУМЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ

Халықаралық форумның негізгі мақсаты – Орталық Азия елдерінің серіктес ұйымдары арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығын дамыту, студенттердің білім беру жүйелерінің құндылықтары туралы түсінігін кеңейту және тұрақты білім беруді қамтамасыз ету үшін болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын арттыру. Форум Орталық Азия елдері мен Қытайдың болашақ педагогтарын біріктіріп, білім берудің тұрақты болашақты қалыптастырудағы рөлін талқылауға, тәжірибе алмасуға және халықаралық студенттік ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді. Форумды университеттің Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Айгүл Исқақова ашып, UNESCO Teacher Education Centre (TEC) Орталық Азия бойынша байланыс жөніндегі өкілі Ли Жуймяо қатысушыларға ізгі тлегін білдірді.

Форум аясында студенттер заманауи білім берудің бағыттарын ғана талқылап қойған жоқ, олар бір-бірінің зерттеу жұмыстарымен танысып, командалық тапсырмаларға қатысып, мәдениетаралық диалог құрды. Бұл өз кезегінде студенттердің академиялық ортада еркін пікір алмасуына, жаңа идеялар ұсынуына және халықаралық ортада жұмыс істеу тәжірибесін қалыптастыруына мүмкіндік берді.

Басқосудың маңызды бағыттарының бірі – болашақ педагогтың өзгеріп жатқан білім беру ортасындағы рөлін түсіну болды. Жасанды интеллектінің дамуы, цифрлық технологиялардың оқу үдерісіне енуі, оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру және тұрақты даму қағидаттары студенттердің баяндамаларында кеңінен қамтылды.

Форум бағдарламасы білім берудегі инновациялар мен мәдениетаралық диалог, жоғары оқу орны теориясы мен мектеп тәжірибесін ұштастыруды қамтып отыр. Сондай-ақ, педагог кадрларды даярлаудың жаңа тәсілдері, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беруді трансформациялау құралы ретінде пайдалану, инклюзивті білім беру мәселелерін жан-жақты сөз етті.

Қатысушылар білім берудің жаһандық сын-қатерлерін талқылап, тұрақты болашаққа бағытталған жаңа білім беру архитектурасын қалыптастырудың инновациялық жолдарын ұсынды. Экспресс-баяндамалар тыңдалып, Орталық Азия мен Қытайдағы педагогикалық білім беру жүйесінің сапасы мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар әзірленді.

Ұстаздан шәкіртке қалатын ең үлкен мұра не? Форумдағы баяндамалардың мазмұны осы сұраққа әр қырынан жауап берді. Студенттік форумда жасалған маңызды баяндамалардың бір парасына тоқталсақ.

Шанхай педагогикалық университетінің өкілі Чжан Жуньмин «Мұғалімді есте қаларлық тұлға ететін не? Қытай педагогтарының рухы: қамқорлық, даналық және даму» тақырыбында ұстаздықтың өзегін қамқорлықтан іздеді. Оның таныстырылымында әр оқушының есімін білу, баланың өзіне деген сенімін қалыптастыру, әлсіз оқушыларға ерекше көңіл бөлу сияқты қарапайым көрінетін әрекеттердің үлкен педагогикалық мәні бар екені айтылды. Ал Ши Вэньчаоның «Менің туған күнімдегі ең жақсы сыйлық» атты баяндамасы ұстаздың шәкірт өмірінде қалдыратын рухани ізіне арналды. Ол өз ұстаздарынан алған шынайылық, шыдамдылық пен педагогикалық даналықтың кейін өмірлік ұстанымына айналатынын жеткізді. Оның әңгімесіндегі «ең жақсы сыйлық» материалдық дүние емес, ұстаздан шәкіртке берілетін сенім, бағыт пен рухани мұра болды.

Ма Мэйцзиннің «Қытайлық педагогтың бейнесі: тұтас даму тұрғысынан» атты баяндамасы да болашақ мұғалімнің кәсіби және тұлғалық дамуына арналды. Оның пікірінше, ұстаз өзгеге білім беру үшін өзі де өмір бойы ізденіп, дамуға ұмтылуы керек.

Қазақстандық студенттердің зерттеулері де қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерін қамтыды. Абай университетінің 3-курс студенті Адал Сәулет болашақ мұғалімді өзгермелі қоғам талаптарына дайындау мәселесін көтерсе, Педагогика және психология кафедрасының 1-курс студенті Ерасыл Талғатов жасанды интеллект құралдарын өзіндік білім алу үдерісіне кіріктіру тетігін ұсынды. Психология кафедрасының 2-курс студенті Гүлжан Амангельдинова білім беру барысында баланың психологиялық ерекшеліктерін ескерудің маңызын айшықтап көрсетті.

Студенттер үшін форумның тағы бір маңызды тұсы – халықаралық ортада өз ойын таныстыру тәжірибесі. Бірлескен пікірталастар мен командалық жұмыстар жастарға әртүрлі білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін салыстыруға, жаңа көзқарастармен танысуға және кәсіби байланыстар орнатуға ықпал етті. Форум аясындағы ұйымдастырылған «Әртүрлі елдердегі студенттік өмір» тақырыбындағы ашық пікірталас кезінде қатысушылар студенттік орта, білім алу мүмкіндіктері, академиялық ұтқырлық және жастар арасындағы халықаралық байланыстар туралы өз ойларын ортаға салды.

Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық форум студенттер үшін бір реттік басқосу ғана емес, білім мен тәжірибе алмасатын, жаңа байланыстар қалыптастыратын орта болды деуге толық негіз бар. Сонымен қатар, Абай университеті мен Шанхай педагогикалық университеті жастарының бұл бірлескен басқосуы алдағы уақытта академиялық жобаларға, ғылыми зерттеулерге, студенттік бастамаларға және мәдениетаралық ынтымақтастыққа берік іргетас қалады дей аламыз.

Ынтымақтастықтың тағы бір бағыты – халықаралық студенттік зерттеу жобалары мен конкурстар өткізу. Болашақ мұғалімдерге арналған микробіліктілік курстарын да білім беру бағдарламаларының қатарына енгізу қарастырылды. Бұл бастамалар студенттердің зерттеушілік құзыреттерін дамытуға, халықаралық академиялық ортадағы тәжірибесін кеңейтуге және кәсіби байланыстарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Оқытушылар үшін кәсіби біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, Scopus, Web of Science және өзге де рецензияланатын басылымдарда бірлескен ғылыми мақалалар әзірлеу, Шанхай қаласы мен SHNU гранттық жобаларына тарту, тұрақты даму мақсаттары бойынша оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарын әзірлеу күн тәртібіне шығарылды. Тараптар ЮНЕСКО сарапшыларын даярлау, салыстырмалы білім беру, жасанды интеллект және цифрлық білім беру салаларында қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін талқылап, Қытай және Орталық Азия білім беру мәселелерін бірлесе зерттеу жобаларына басымдық беруді жоспарлап отыр.

Заманауи білім беру жағдайында болашақ педагогқа пәндік біліммен қатар технологияны меңгеру, зерттеу жүргізу, әртүрлі мәдени ортада жұмыс істеу және оқушыны жеке тұлға ретінде түсін білу қабілеті қажет. Форум жұмысы студенттерге осы талаптардың маңызын көрсетіп берді.

Болашақ педагог мамандардың басын қосатын Халықаралық студенттік форум келесі жылы Шанхай қаласында өтетін болып келісілді.

Бифат ЕЛТАЙ

Құттықтаймыз!

ЕРКІН ҚАЙШЫБЕКТІҢ ЖЕТІСТІГІ



Абай университеті музейінің басшысы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Еркін Қайшыбек ақын Қапез Байғабылұлының туғанына 130 жыл толуына арналған «Халқым деген Қапез...» республикалық кәсіби суретшілер конкурсының Бас жүлдесіне ие болды.

Алматы облысы Кеген ауданындағы Тоғызбұлақ ауылында өткен шығармашылық байқауға еліміздің әр өңірінен кәсіби суретшілер қатысқан. Байқаудың негізгі мақсаты – Қапез Байғабылұлының тарихи тұлғасын, рухани мұрасын бейнелеу өнері арқылы насихаттау және ұлттық тарихи жадыны жаңғырту.

Байқау аясында іріктеуден өткен 20 суретшінің 40 шеберханалық жұмысы Қапез Байғабылұлы атындағы мектептің фойесіне қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеге тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылық мұрасын, оның дәуірін және туған өлкенің табиғатын бейнелейтін туындылар қойылды.

Туынды қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, нәтижесінде Еркін Қайшыбек бас жүлдені иеленді.

Бас жүлде иегеріне I дәрежелі диплом және 1 250 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы табысталды.

#seriktin_photosy

«Abai University» аруы



Әсемай ИСАМАТДИН, физика-математика факультетінің 2 курс студенті

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ABAI UNIVERSITY»
МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №9874-Г куәлігі берілген

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеп беттеуші
Нұржан МӘДЕЛХАН
Фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Достық даңғылы 13
519-кеңсе
Байланыс тел: 8 (727) 293-86-38
Газет бүкіл республикаға тарайды

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.
Жазылу индексі: 65285
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №224

Газет 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Баспа директоры
Нұрлан БАЛЫҚОВ